# БІЛІМ ШЫҢЫ–

# ҒЫЛЫМ СЫРЫ

WWW.BILIM-SHINI.KZ

Республикалық ғылыми-әдістемелік, танымдық, мәдени-рухани журнал

2015

ЖЫЛДЫҢ ТАМЫЗ АЙЫНАН БАСТАП ШЫҒА БАСТАДЫ.

№08 (94) тамыз, 2023

**МЕДЕТБЕКОВА** МЕРУЕРТ АСКАРБЕКОВНА

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ҚОСЫМША БІЛІМ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ДИРЕКТОРЫ, Ф.Ғ.К.



БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ ЖАСАМПАЗ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУГЕ ЖОЛ АШАДЫ

3 бет

# БІЛІМ ШЫҢЫН БІРГЕ БАҒЫНДЫРАЙЫҚ!

«Білім шыңы - Ғылым сыры» журналы 9 жыл Сіздермен бірге!
«Білім шыңы - Ғылым сыры» журналының шығармашылық ұжымы, әрдайым жаңаша жұмыс жасап, ұстаздардың мәртебесін айшықтап, біліктілігін арттыру үшін журналға ең қажетті материалдарды жариялап келеді. Журналымыздың «Озат тәжірибе – баршаға ортақ», «Үздік сабақ», «Ізгілікке жол ашқан», «Мерейлі мектеп», «Білім тынысы», «Білімнің жаңа жүйесі», «Болар елдің баласы», «Ғылымға қадам», «Жыр жазамын жүрегіммен», «Құрмет тақтасы» сияқты айдарлары бойынша жарияланған сапалы материалдардан ұстаздар қауымының үйренері көп деп сенеміз.

Бірге болайық, білім алауын бірге жағайық!

# БІЛІМ ШЫҢЫ-
# ҒЫЛЫМ СЫРЫ




## Журналға жазылыңыз!

Қазпошта арқылы 6 айға
жазылу бағасы 3440тенге
индекс:74871

Сіздерден құнды материалдар күтеміз!

Журнал лицензиясы - №15454-Ж (01.07.2015)
Республикалық журнал
+Сертификат+Грамота







Аттестацияға 100% жарамды

8778 625 20 78
8775 076 78 76

# «ШЫҢ»



## БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ – ЖАҚСЫЛЫҚҚА ЖОЛ АШАТЫН ЖОБА

***ЕСЕН Бақыткүл Артыкқызы,***
***бас редактор***

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде өскелең ұрпақтың тәрбиесі өте маңызды мәселе екеніне тоқталып: «Біз ұрпақ тәрбиесіне баса мән беріп, жастарды жақсылыққа жетелеуіміз керек.

...Біз жастарды жаһанданудың қатерлі ықпалынан барынша сақтауға міндеттіміз. Ұрпақ тәрбиесіне ықпал ететін шараларға баса мән беруіміз керек. Бұл салада кемшіліктер көп екені жасырын емес. Мектептегі тәрбие жұмысы ақсап тұр.

...Мектеп те – білімнің ғана емес, тәлім-тәрбиенің ордасы. Баланың бойына біліммен қатар адамгершілік құндылықтарды сіңіру – ұстаздың міндеті. Осыған орай балабақшадағы және мектептегі тәрбие ісіне бәріміз қоғам болып мән беруіміз керек, сондай-ақ белсене атсалысуымыз қажет.

...Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелейтін патриоттық ұйымдардың жұмысын жандандырған жөн»,- деп ҚР Оқу-ағарту министрлігіне Біртұтас тәрбие бағдарламасын жасауды тапсырды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында ҚР Оқу-ағарту министрі Бейсембаев Ғани Бектайұлының басшылығымен Тәрбие жұмысы және қосымша білім департаменті құрылып, еліміздегі білікті мамандар тартылып, «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ» жасалды.

2023 жылдың 23-ші тамызында Республикалық тамыз кеңесі аясында Түркістан қаласында "Біртұтатас тәрбие бағдарламасы: зерттеулер мен іске асыру тетіктері" жұмысының таныстырылымы өтті. Тәрбие семинарына ҚР Оқу-ағарту министрлігі Тәрбие жұмысы және қосымша білім департаментінің директоры Медетбекова Меруерт Асқарбекқызы, Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, "Психология, тәрбие және тұлғаны дамыту орталығының" директоры Тәңірбергенова Анар Шынболатқызы және Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жетекші сарапшысы Тайболатов Қуандық Момынғазыұлы қатысты. Семинарды Түркістан облысы Білім басқармасының "Облыстық Білім беруді дамыту" орталығының директоры Бақытжан Нұрмаханбетұлы жүргізіп отырды. Сондай-ақ, облысымыздың педагог қызметкерлері, білім беру ұйымдарының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, әдістемелік кабинеттің әдіскерлері қатысып, бағдарламаға қатысты ойларын ортаға салды. Аталған жиында сала мамандарымен "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" толық талқыланып, бірқатар ұсыныстар айтылды.

Бала тәрбиесінің маңыздылығы айшықталып, сұрақ-жауап арқылы қызметкерлер көкейдегі сауалдарына жауап ала алды.

Біртұтас тәрбие бағдарламасында көптеген әлеуметтік тәжірибелер мен жобалар ұсынылды. Соның ішіндегі «Балалар кітапханасы» жобасы бала тәрбиесінде айрықша рөл атқаратыны айқын. Кез келген елдің болашағы да кітапқа деген көзқарасына байланысты болады деп ойлаймын. Кітап – асыл қазына. Жас ұрпақтың кітап оқуға деген қызығу-шылығын арттырып, құштарлығын оятуға ұстаздар да, ата-аналар да атсалысуы керек. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев: «Идеология жұмысындағы басты бағыттың бірі – кітап басып шығару ісі. Қазақстан нарығында шетел өнімдері басым екені жасырын емес. Әдеби кітаптардың 90 пайызға жуығы сырттан келеді. Бұл үрдістің салдары қандай болатыны айтпаса да түсінікті. Ұлттық мүддеге сай келетін кітаптарды көптеп басып шығару өте маңызды. Смартфон баланың қолындағы кітаптың орнын баспауы қажет. Қазір еліміздегі мектеп кітапханаларында 130 миллионнан астам кітап бар. Бірақ ондағы көркем әдебиеттің үлесі мардымсыз. Шын мәнінде, кітап оқитын ел зиялы ұлтқа айналады. Біз жас ұрпақтың кітапқа құштар-лығын оятуымыз керек. Бұл қиын мәселе екенін түсінемін. Әсіресе, олардың бар назары әлеуметтік желіде болған кезде, тіпті, қиын. Бірақ бұл мәселемен айналысу керек. Басқа жол жоқ. Сондықтан, «Балалар кітапханасы» атты жаңа бағдарламаны қолға алуды тапсырамын. Қазақ әдебиетінің түрлі кезеңдерін және жанрларын қамтитын арнайы тізім жасалуға тиіс. Сол тізімдегі кітаптар барлық балаға қолжетімді болуы керек» деп атап өтті.



Біртұтас тәрбие бағдарламасындағы «Оқуға құштар әке-ана-бала-ұстаз», «Балалар кітапханасы» жобалары жас ұрпақ тәрбиесіне игі ықпалын тигізеді. Балалардың жаппай кітап оқуын қамтамасыз ету үшін бұл маңызды жұмысқа қоғамдық ұйымдар да белсене кірісіп, бүкіл ел болып атсалысуымыз керек. Кітапты көп оқыған бала отансүйгіш, тәрбиелі азамат болып қалыптасады. Сондықтан да біз, «ШЫҢ» Баспаханасы, мемлекет басшысының осыған дейінгі «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру аясында «Каникулда кітап оқимыз» марафонын 2021 жылдан бастап өткізіп келеміз. Жыл сайын дәстүрлі түрде жалғасын табуда. «Каникулда кітап оқимыз» марафон-байқауының нәтижесінде мектеп оқушыларының жақсы кітаптарды оқуға белсенділігі артып, отбасылық кітап оқу дәстүрі жаңғыртылуда.



«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «Балалар кітапханасы», «Оқуға құштар әке-ана-бала-ұстаз» жобаларын іске асыруға «Шың Баспаханасы» өз үлесін қосу мақсатында «ШЫҢ» Балалар кітапханасы платформасын қолға алды. «ШЫҢ» Балалар кітапханасы – жақсылыққа жол ашатын жоба. «ШЫҢ» Балалар кітапханасы жобасы «Каникулда кітап оқимыз» марафон-байқауын жүйелі жүргізіп, жақсы бастамаларды жалғастырады, баланың ой-өрісінің дамуына, рухани және мәдени жан-дүниесінің қалыптасуына игі ықпалын тигізетін барлық жақсы кітаптардың қолжетімді болуына атсалысады. «Оқуға құштар әке-ана-бала-ұстаз» жобасы да жақсы ойластырылған. Бала үшін ата-ананың үлгісінің әсері зор екені белгілі. Бұл жоба арқылы ата-аналар да рухани өсуге қол жеткізері анық. Сондықтан да әрдайым заман талабына сай болу үшін жақсы кітаптар АНТОЛОГИЯСЫН шығаруға баса назар аударып, жаңа бағытта жұмыс жасауға ұмтыламыз.





Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі әзірлеген «Біртұтас тәрбие бағдарламасында» жас ұрпаққа батырлар, ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмірлік жолдарын, қалдырған мұраларын, Сығанақ, Отырар, Сарайшық, Ақмешіт, Есік қорғанын, Ұлы жібек жолы қалаларын, Сарыарқа даласын, Байқоңыр, Алаша хан кесенесін, Жошы хан кесенесін, Арыстанбаб кесенесін, Қожа Ахмет Яссауи кесенесін, Айша бибі кесенесін, Қорқыт ата, Бекет ата, Мәшһүр Жүсіп, Абай, Шәкәрім, Мұхтар, Мағжан, Сәкен мұрағаттарын, т.б. тарихи жерлерді таныстыру керектігі айтылған. «ШЫҢ - БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ» ПЛАТФОРМАСЫ жобасында осы тақырыптар бойынша кітаптар шығару үшін «Шың» баспаханасының шығармашылық тобы жұмысын бастады. «Қиял-ғажайып ертегілері», «Қазақ ертегілері», «Семсер сөз», «Алыптардан аманат» атты кітаптар шығарылып, «Каникулда кітап оқимыз» марафонында еліміздің жүз мыңдаған оқушылары оқыды. Жақсы істі жүйелі түрде жалғастыратын боламыз.



Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, отансүйгіш жас ұрпағымыз жақсы кітаптарды көп оқып, жасампаз елдің тұғырын биіктетіп, көк туымызды желбірете берсін!

# БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ ЖАСАМПАЗ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУГЕ ЖОЛ АШАДЫ



***МЕДЕТБЕКОВА Меруерт Аскарбековна,***
***Оқу-ағарту министрлігі***
***Тәрбие және қосымша білім департаментінің***
***директоры, ф.ғ.к.***

Қоғамның игілігіне қызмет атқаратын ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу ұлттың жаңа сапасын қалыптастырады. Ал, ұлттың жаңа сипаты жаңа құндылықтар арқылы қалыптасатыны белгілі.

Қазіргі әлемге жылдам өзгерістер, жаһандық тұрақсыздық, әртүрлі сын қатерлер тән. Бұл ақпарат кеңістігінде еркін таралып, әлеуметтік желілер арқылы балалардың санасын жаулауда. Интернет кеңістігі баланың тәрбиесі мен мінез-құлқына, әдебіне әсер етіп, түрлі субмәдениеттердің белгілі бір басымдыққа ие болуына әкеп соқты.

Аталған проблемалардың туындауына ықпал ететін көптеген себептер бар. Мысалы, интернеттің ашықтығы, кез келген ақпараттың жылдам таралуы, бала қарайтын видео контенттердің фильтрлерден өткізілмеуі, ата-аналардың жұмыс пен отбасылық өмір арасындағы үйлесімділік пен тепе-теңдікті сақтамауы бала тәрбиесіндегі жүгенсіздіктің орын алуына ықпал етті. Осындай сын-қатерлерді түбірімен жою мүмкін емес, дегенмен оған тосқауыл болу қажет.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты ІІ Ұлттық Құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек»-деп,

Әділетті Қазақстанды құру үшін:

· бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін;

· түпкі мақсатты нәтижеге жету үшін саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіздігін;

· ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;

· халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;

· әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

Бұл ретте алаш ардақтысы Әлихан Бөкейхановтың «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» - деген сөзінің мәні мен өзектілігі бүгінгі күні арта түскендігін байқаймыз.

«Бірлік бар жерде, тірлік бар»-дегендей, басты мақсатымыз – біздің байлығымыз болып табылатын ұрпақ келешегі үшін жұмыла отырып, нәтижелі іс атқару.

Сондықтан да мақсат айқын. Ол–жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу.

Осы мақсатты іске асыру үшін алға қойған міндеттеріміз:

- ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге;
- ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке;
- жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулуға және құқықтық мәдениетін қалыптастыруға;
- денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулуға;
- табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға және еңбекқорлыққа нақты іс-тәжірибе, үлгіні көрсете отырып, тәрбиелеу.

Қазақта «тәрбие көрген – көргенді, тәрбие көрмеген – көргенсіз» деген сөздердің мағынасына үңілсек, әр бала, келешек ұрпақ тек көргенін қайталайтындығын түсінеміз. Бұл дегеніміз – әр ата-ана өз отбасында, мұғалім мектепте, қоғамда орта үлгі көрсете отырып тәрбиелеуі маңызды.

Сонымен қатар тәрбие бағытындағы басты қиындық аясына (проблемаларға) тоқталып өтсек:



03 пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің педагогикалық ынтымақтастығының жеткіліксіздігі;

04 білім беру ұйымдарының тәрбие процесіне ата-аналардың аз қатысуы;

05 білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысының сапасын бағалаудың жүйелі мониторингілеудің тетігі мен критерийлерінің болмауы.









Аталған проблемалардың туындауына себепкер факторлардың бірі:

- тәрбие жұмысының нақты, жүйелі тұжырымдамасының болмауы,
- ата-аналардың жұмыс пен отбасылық өмір арасындағы үйлесімділік пен тепе-теңдіктің сақталмауы.

«Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды» - дейді алаш қайраткері Мұстафа Шоқай. Сондықтан баланы ұлттық құндылықтарға баулудың маңызы зор.

Демек, аталған проблемалар бала тәрбиесіндегі құндылықтардың әлсіздігін айқын көрсетіп отыр. Жоғарыда атап өткен сын-тегеуріндерді ескере отырып, тәрбиенің жаңа парадигмасын, «Ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие: біртұтас тәрбие жұмысының бағдарламасын» әзірлеу кезек күттірмес мәселе екендігін ерекше атап кетуге болады. Біртұтас тәрбие бағдарламасы – жас ұрпаққа ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие беру жолы.

Бұл ретте халықтың көкейінде жүрген мәселелерді ғылыми тұрғыдан зерделей келе, жаңа парадигма мазмұнын барынша «АР-ҰЖДАН», «ТАЛАП», «ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)» құндылықтары арқылы тәрбие жұмысын ұйымдастыру маңызды екендігі көрінді.

Біріншіден, XXI ғасыр технологиялардың қарқынды дамыған заманы. Еліміз басқа елдермен бәсекелесе дамуы үшін технологияларды қарқынды дамытуға үлес қосып, инновацияларға ашық болуы тиіс. Сол себепті өскелең ұрпақ бойында заманауи дағдыларды қалыптастыру үшін «Талап құндылығы» маңызды. Ең алдымен, балаларымызды еңбекқорлыққа баулуымыз керек. Өйткені білім де, ғылым да ерен еңбекпен келеді.

екіншіден, Ұлы Абай: «Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады: біріншісі – ата-анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан», дейді. Отансүйгіштік сезімнің қалыптасуына ата-ана, ауыл-аймағының ықпалы зор. Отанды сүю отбасынан басталатыны рас. Сондықтан да, бала тәрбиесінің шешуші факторы – отбасы десек, «Ұлттық мүдде (Отан)» құндылық-тарының маңызы зор.

Сол секілді баланың бойында мемлекетшілдік қасиет көрініс тапсын десек, балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелейтін патриоттық ұйымдардың (еріктілер) жұмысын жандандырған жөн.

> Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
> Сонда толық боласың елден ерек
>
> А.Құнанбаев

Оқушы Жүсіп Баласағұнидың идеяларын, Махмұд Қашқари, Ахмед Иүгінеки, Қожа Ахмет Яссауи және басқа да ойшылдардың шығармаларын, Алып Ер Тоңғаның «Ақи немесе жомарттық», Әл-Фарабидің «Парасатты адам», Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білік», Яссауидің «Хәл туралы», Абай Құнанбаевтың «Толық адам», Шәкәрім Құдайбердіұлының «Ар-ұждан» ілімдерін игеруі керек. Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» шығармасында қоғам мүшелерінің мінез-құлқы, білімі, ақыл-парасаты қандай болу керектігі сипатталған.

Ал халқына адал қызмет ету, адамзатқа пайдалы болу, елгезектік, еңбекқорлық, білуге құштар болу адам бойындағы ең асыл қасиеттер екендігі Шал





ақын, зар заман ақындары Шортанбай Қанайұлы, Дулат Бабатайұлы, Мұрат Мөңкеұлы т.б. ұлт көсемдері қалдырған халық мұрасы бүгінгі «Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасына ұласады.

Үшіншіден, «Ұждан құндылығына» «Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты. «Мінез бен ақыл жарасса – адамгершілік ұтады» деген даналық өсиет пен адалдық, әділеттілік, мейірімділік, жауапкершілік қасиеттері тұғыр болады. Сондықтан, балабақшадағы бүлдіршіннен бастап, мектеп бітіретін жасөспірімге дейінгі тәрбиеде «ар-ұждан маңдайалды құндылықты» басты ұстанымға айналдыру – мына отырған сіздер мен біздердің енші-мізде...

> Адамға ең бірінші білім емес,тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне опат әкеледі.
>
> Әл-Фараби

Білім алушылардың жас ерекшелігіне қарай тәрбиелеу ісі пәндік мазмұн және тәрбие жұмысы арқылы жүзеге асырылады.

Бүгінгі күні нағыз педагог ретінде жүрегімізбен баланы жақсы көре отырып, әр қылығын түзетуге тамшыдай үлес қоса алсақ, одан асқан нәтиже болмас...

Баланың толыққанды дамуы үшін мектептегі тәрбие процесіне ата-аналардың қатысуы және оқу үшін қолайлы жағдай мен орта құру қажет.

Кез келген тың бағдарлама миссиясының табысты нәтиже көрсетуі - мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне, білім алушылардың жеке ерекшеліктерін білуіне, ұжымның тәрбиелік міндеттеріне байланысты.

Бағдарлама мазмұны тәрбие процесіне қандай жаңалық әкеледі?

- Ең алдымен, ұлттық құндылыққа негізделуі.

.

Ұлттық код, ұлттық менталитетімізді ескере отырып, тал бесіктен бастап, әр халықтың ішкі құндылығын ескеруі.

- «Ар, Ұят, Намыс» қағидасын ұрпақ бойына ата күшімен, ана сүтімен сіңіру маңыздылығын түсінуі.
- Намысты ұл, инабатты қыз, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете алатындай тәрбие тәлімін «Ұят болады!», «Жаман болады!», «Обал болады!» секілді қарапайым тыйым- тәрбие тұтқасының мазмұнын жете түсінуі.

> Балаға берілетін бірінші тәрбие ата- анасын, туған-туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден басталады.
>
> Ы. Алтынсарин

- Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Министрлік еліміздегі тәрбие құндылығын айқындайтын Ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие: «Біртұтас тәрбие жұмысының бағдарламасын» жасақтауы.
- Отбасылық құндылықтар мен ұлттық тәрбие мәселелері осы бағдарлама аясында білім беру ұйымдарының тәрбие жұмысы жоспарына және пәндердің оқу бағдарламасы мазмұнына енгізілуі.
- Қоғамның қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық құндылықтарға негізделген біртұтас ұлттық тәрбие бағдарламасын «Балабақша-Мектеп-Колледж» арасында іске асыру мақсат етілуі.
- Оқу-ағарту министрлігі мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен іс-шара жоспары аясында және техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің білім алушыларынан еріктілер (волонтерлік) көмегімен сыныптан тыс жұмыстарда ақпараттық-экологиялық, мәдени-құқықтық, патриоттық, адалдық, әділдік, салауатты өмір салтын ұстану т.б. әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар өткізуді ұдайы ұйымдастырылуы.
- Бұл жұмыстар аясында құндылықтарға негізделген тәрбие мен білім беру саясатын іске асыру мақсат етілуі.

Қорытындылай келе, бұл «Ұлттық құндылықтарға негізделген бағдарлама» жастар тәрбиесіне не береді?

Құндылық – мінез-құлық, ішкі сенім, тұжырым жасау, шешім шығаруға керек негіз.

Сондықтан да, «Біртұтас Ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие беру бағдарламасы» кісілік келбетті айқындайтын қасиеттер – адамгершілік, арұждан құндылығы, отан-отбасы құндылығы, тұлға құндылығы білім алушылардың тәрбиесін ізгілендіруді мақсат етіп отыр.

* Сынып жетекшілерінің, педагогтердің, педагог-психологтардың, әлеуметтік педагогтердің, мектеп әкімшілігі мүшелерінің біліктілігін арттыру жүйесінде, мектептің тәрбие және психологиялық қызметі мәселелері бойынша оны ұйымдастырудың оқу-әдістемелік кешені, жүйелі іс-шара жоспары жасақталады.

> Ұлтына, жұртына қызмет қылу – білімнен емес, мінезден.
>
> Ә. Бекейхан

* Балалар мен олардың ата-аналарының құқықтық сауаттылығын арттыру маңыздылығы артады.

* Әртүрлі ведомстволарда: білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, құқық қорғау органдарында жұмыс істейтін мамандардың қызметін бірыңғай ұйымдық құрылымға біріктіретін кешенді ведомствоаралық тәсілді ұйымдастыру жоспарлануда. Жүргізіліп жатқан жұмысқа ата-аналар жұртшылығы, мүдделі органдар мен ұйымдардың, үкіметтік емес секторлың өкілдері де белсенді тартылатын болады.

* Ресми білім беру шеңберінде білім алушылардың жалпыадамзаттық құндылықтары мен эмоционалдық интеллектін дамыту Абайдың "Толық адам", Шәкәрімнің "Ар-ұждан", Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық мұралары, Ермұхан Бекмахановтың, Манаш Қозыбаевтың мәдени мұрасына, Ақселеу Сейдімбековтің қазақ халқының салт-дәстүрлерін қастерлеу және өз еліне қызмет ету жөніндегі идеяларына негізделеді;

* Жаңа ұрпақты тәрбиелеуге қатысты мәселелерді жүйелеу үшін үздіксіз білім беру жүйесінде тәрбиелеудің тұжырымдамалық негіздері әзірленетін болады. "Іс-шараларды өткізу" тәсілінен "тәрбие мақсаты мен жобалық тәсіл арқылы әрбір деңгейдегі тәрбие жұмысы" тәсіліне көшу жүзеге асырылатын болады.

* Балалардағы ұлттық құндылықтардың қалыптасуы ерекше маңызға ие, сондықтан оларды тәрбиелеу негізгі ұлттық құндылықтар негізінде жүзеге асырылады.

* Тәрбие жұмысы аясында білім беру ұйымдарында өскелең ұрпақ арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, отбасы құндылықтарын дәріптеледі;

* "Мектеп – бала – ата-ана" үштігі принципі бойынша мектеп пен ата-ананың тығыз қарым-қатынасына негізделген жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген білім алушыларды тәрбиелеу мен оқыту жүйесін енгізу жалғасады.

* Экологиялық тәрбие, қоршаған әлемге ұқыпты қарау, экологиялық құндылықтарды, қаржылық және кәсіпкерлік дағдыларды сіңіру тәрбие іс-шараларының кешені арқылы жүзеге асырылатын болады.

* Табиғаттың сақталуына жауапкершілік сезімін тәрбиелеу, қоршаған ортаны сақтау проблемасын қабылдау бойынша белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру тәрбие жұмысының басым бағыттарының біріне айналады.

* Қазіргі әлемдегі цифрлық технологиялардың ілгерілеуі өскелең ұрпақты тәрбиелеуге ерекше әсер етеді, бұл балалардың киберқауіпсіздігіне, кибергигиенасына және киберкультурасына қатысты пайдалы әдеттерді қалыптастыруды талап етеді.

* Тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыру мақсатында сынып жетекшілігі туралы ережені қайта қарау және сынып жетекшісінің біліктілік сипаттамасын әзірлеу жоспарланады.

Бұл Бағдарлама болашақ мемлекетті аманат етіп қалдыратын жасампаз ұрпақ тәрбиелеу мақсатында жазылды.

Ұлы Абай айтқандай, «толық адам» келбетіне жету – түпкі нәтиже. Алаш ардақтысы Әлихан Бөкейханның төл сипат, ұлттық бейне бойынан табылатын, ішкі менімен «тірі болсам қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деп серттесетіндей, намысты ұрпақты тәрбиелеу – басты парыз.

Қазіргі кезеңде ел бірлігін нығайтуға, еліне жанашыр, әділетті қоғам құруға қабілетті саналы тұлғалар еліміздің келбетін құрауы тиіс.

Тәрбие – әр баланың ар-ұжданына негіз болатын өмірлік қазық. Сондықтан баршаңызды тәрбиелі ұрпақтың болашағын бірлесіп, біртұтас ел болып шешуге шақырамыз.



# КІТАП ОҚУ - РУХАНИ КЕМЕЛДЕНУДІҢ КӨЗІ



*Ақбота ӘБДӘЛІХАНҚЫЗЫ,*
*Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдістемелік кабинет әдіскері.*
*Түркістан облысы*

«Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік», - деген еді Ғабит Мүсірепов. Білім мен мәдениеттің биік белестеріне жетелейтін де осы кітап екені белгілі. Қазір ақпараттық технология қарыштап дамыған заманда адамзат рухани байлығымыздан қол үзіп, ғаламтор әлеміне еніп бара жатқаны ақиқат. Ертеңгі ұрпақтың келешегі үшін мемлекетіміз дабыл қағып, өскелең ұрпақтың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында жаңа жобалар, кітап оқу марафондарын ұйымдастыруда.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев: "Кітап оқу – рухани кемелденудің көзі. Қазіргі уақыт – секунд сайын жаңарған ақпарат заманы. Алтын уақытымызды пайдалы істерге жұмсағанымыз жөн", –деп атап өтті. Адамзат ақыл–ойының жиынтығы – кітапта болса, кітапхана – соны сақтайтын қазыналы сандық. Сол сандықтағы байлықты қалай алуға болады? Кітап әлеміне баланы қалай енгізуге болады? Осы мақсатты іске асыруда жыл сайын «КітарХАН@» жобасы өткізіліп келеді.

Осы жобаны іске асыруда Түркістан облысы білім беруді дамыту орталығының бастамасымен 2021 жылдың 15 қазанынан бастап «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» республикалық жобасы табысты іске асып келеді. 15 қазан кітапханашылар мерекесі қарсаңында өткізілген республикалық «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасы аясында Облыстық білім беруді дамыту орталығының инновациялық «КітарХАН@» кітап оқу жарыс жаңа жобасының тұсаукесері өтті.

Жобаның басты мақсаты кітап оқуға деген қызығушылықты дамыту және қолдау, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, қоғамдық санада кітаптың жоғары беделін арттыру, мектеп кітапханаларына қоғамның назарын аудару болатын. Бұл жоба өте жоғары деңгейде ұйымдастырылып, республиканың әр түкпірінен ұстаздар мен оқушылар белсене қатысып келеді.

Түркістан облысы білім беруді дамыту орталығының бастамасымен 2021 жылдың 15 қазанынан бастап, Созақ ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты білім беру мекемелерінің мұғалімдері, мектеп кітапханашылары, мектеп директорлары, директордың оқу, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен оқушылар арасында «КітарХан@» кітап оқу сайысы ZOOM платформасында Facebook әлеуметтік желісі арқылы көрсетілуі қолға алынған. Хан – ең көп оқитын адам, кітап оқығыштардың төресі, бірінші деген мағына білдіреді. Осы жобаға ауданымыздан көптеген мұғалімдер мен оқушылар қатысып, оқырмандар саны көбеюде.

Облыстық Білім беруді дамыту орталығының ұйымдастыруымен өтіп жатқан "КітарХАН@" кітап оқу сайысының алғашқы апталық сайысында қатысқан 2021-2022 оқу жылында Созақ ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты "Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебі" КММ-нің кітапхана мамандары осы жобамен белсенділік танытып жұмыс жасады. Сонымен қатар, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Баяндиева Дидар мен 10-сынып оқушысы Ізбасар Құралай апталықта 1-ші жүлделі орындарын иеленіп, айлықта 2-ші орынды иеленді. Осы сайыстың 19-шы апталық шығарылымында Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінің география пәнінің мұғалімі Ерманова Сәуле Тұрарқызы А.Н.Каримовтың «Педагогикалық қызмет және педагогикалық шеберлік негіздері» кітабын қорғап жүлделі бірінші орын иеленіп, айлық кезеңде де I орын иегері атанып, жылдық кезеңге жолдама алды. Сайыстың келесі кезеңінде КітарХАН@ кітап оқу сайысының апталық, айлық жеңімпаздары қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Даулетәлиева Сымбат, Сайлауова Әйгерім жылдық кезеңге жолдама алды. Жылдық кезеңде Ерманова Сәуле Тұрарқызы «Жылдың үздік оқырманы» номинациясы бойынша, оқушылар арасында Ыбырай Алтынсарин мектебінің 10-сынып оқушысы Әпен Жібек «Жылдың үздік оқырманы» номинациясы бойынша жеңімпаз атанып, Созақ ауданының мерейін үстем етті.

«Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасы аясында Облыстық білім беруді дамыту орталығының инновациялық «КітарХАН@» кітап оқу жарыс жобасына Болат Өтемұратов қоры қолдау көрсетті. Балалар жылында өтіп жатқан кітап оқу жарысының жеңімпаздарына «Steppe World» баспасының «Хәрри Поттер» және тағы басқа көркем әдебиеттері ұсынылуда. Аталмыш жобаға облыстағы білім беру ұйымдарының педагогтері, колледж студенттері мен 5-10 сынып оқушылары қызыға қатысып келеді.

2022-2023 оқу жылында "КітарХАН@" кітап оқу сайысының II айналымы әр апталық кезеңіне Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты білім беру мекемелерінің әдіскерлері, мектеп директорлары, орынбасарлары, мұғалімдері, мектеп кітапханашылары қатысып, М.Әуезов атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебінің директоры Асқанбекова Айгүл Созақбайқызы мен А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Әлімханова Қалдыгүл Сұлтанқызы айлық кезеңнің жеңімпаздары атанып, жылдық кезеңде "Оқуға құштар оқырман", "Рухани бай оқырман" атты номинациялармен марапатталды. Барша қатысушы финалистерге кітаптар мен бағалы сыйлықтар табысталды.

«KitapXAH@» кітап оқу жарыс жобасына оқушылар арасында «KitapXAH@» II айналымының апталық кітап оқу сайысына мектеп оқушылары қатысып, Қ.Кемелұлы атындағы жалпы орта мектебінің 10-сынып оқушысы Жақсылық Арайлым Жомартқызы мен Тәкен Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернет-лицейі 9-сынып оқушысы Қалманбаева Айдана айлық кезеңнің жеңімпаздары атанып, жылдық кезеңде "Тапқыр оқырман", "Оқуға құштар оқушы" атты номинациялармен марапатталды. Қатысушы финалистерге кітаптар мен бағалы сыйлықтар табысталды.

Оқуға құштар оқырмандардың саны жыл сайын көбейіп келеді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы мектеп жасындағы балалардың кітапқа құмарлығын оятумен қатар танымдық – мәдени дамуына жол ашады. Жобаның мақсаты оқушыларды оқу мәдениетіне тәрбиелеу, кітапқа деген құрмет пен сүйіспеншілігін қалыптастыру, ең бастысы кітапты оқуға құштарлығын шыңдау болып табылады. Оқушының функционалды сауаттылығын арттыру жолында көркем әдебиетті оқу арқылы тіл тазалығын сақтап, ұлттық тәрбиеге деген қызығушылығын ояту басты нысана болары белгілі. Оқу жылының басында жоба бойынша мектептердің жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Жоспар бойынша мектептерде біршама іс-шаралар ұйымдастырылып, іс - шараға оқушылар, ата - аналар, ұстаздар жұмылдырылып келеді.

Заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезов «Кітап аяулы досы бола бастаған шақтан былай ғана әрбір жан өзін интеллегент бола бастадым деп санауға болады» деген екен. Ендеше, тұлға болу үшін кітаппен дос болу керектігін естен шығармаған жөн.















# КІТАПТЫҢ ЖӨНІ БӨЛЕК



***АЛИБАЕВА Нургуль Расулбековна,***
***Д.Нұрпейісова атындағы №116 жалпы***
***орта білім беретін мектептің информатика пәні мұғалімі.***
***Шымкент қаласы***

Кітап – адамзат баласының сан ғасырлық ақыл-ойының, көркем сөйлеп, мәдениетті адам болып қалыптасуына үлкен нәрлі азық бола білген қазына. Көрнекті әдебиетшілеріміз де, қаламгер жазушыларымыз да, самғаған көк аспанның ғарышкері де осы кітаптан алған білім мен оқу арқылы жетілуінің, қаншама қол жеткен дамылсыз даму үрдісінің жемісі, өткен тарихы мен өмірлік тағылым-танымының алтын сандығы бола білген рухани байлық.

Көркем әдебиет саласында Ғабит Мүсірепов ағамыз айтқандай: «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік» – деуі осыдан. Әрине, кітапты таңдай білу, оны зейінді мұқият салып зеректікпен талдап оқи білу, ондағы сөздің төркінін, түп мағынасына үңілу, ойдың терең тұңғиығына түсе білу, түйінді тұжырымының құдіретін түсіну мен түйсіну, алған әсерлерді кейін өмірлік қажетіңе жарата білу ол да шеберлік пен тапқырлық болып табылады. Бұл – әрбір адамның білігі мен білім деңгейін, пайымы мен парасатын, көреген кемел кісілігін ұдайы шынықтыра білудің озық та ұтқыр жолдарын айқындай алатын адамзат санасымен біріге алуы, ол кітапті пайдамызға дұрыс қолдану дегенді білдіреді.

Көз жетпейтін жерге ұшқыр ой жетеді, ой жеткен жерге тұғыр болған бастапқы кітаптан алған біліміміз себеп болмақ. Кітап – қазына, рухани азық, толағай табыс пен биік шыңға жетелейтін тарихи құндылық. «Мен бойымдағы жақсы қасиеттер үшін кітапқа қарыздармын» – депті атақты жазушы Максим Горький. Сол сияқты, кітап оқу арқылы өзіме көптеген рухани тағылым алардай өмірімнің қыр-сырын тағы да жаңа тұсынан тану, жан-жақтылығымның терең мағынасына үңілуіме септігін тигізді. Адамның қиналған сәтінде жанынан адал дос бола білген – кітап, ешкімнің көңіліне қаяу түсірмейтін, ешкімге жан сырыңды ақтара алмай қиналғанда сырласың бола білген тағы да осы – кітап!

Өзім оқып жүрген, Д.Исабековтың «Гауһар тас», Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» романын, Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» романын, И.Тургеневтың «Әкелер мен балалар», Ш.Айтматовтың «Қош бол, Гүлсары!» повестерінен жаныма түйіп алар көптеген асыл да қымбат дүниелерді ала білдім. Кітап оқудан қалған ұлт, әсіресе, жас ұрпақ орны толмас ауыр рухани жұтқа ұшырап, азғындыққа құламай қоймайды. Осы сонау соғыс жылдары окопта жатып бір мезетке кітап бетін ашып көз шалғанын көріп қойған қатал командирдің «ережені бұздың» - деп біздің батырларымызды жазалауға жіберіп, қиналған тұстарын романдардан оқып көзіме жас ұялады. Түнгі айдың жарығымен кітап оқуы, қараңғы түнде өмірдің жап-жарық екенін білген аналарымыздың бүлдіршін балаларымызға әдемі әңгімелерін баяндап беруі, шам майын түтетіп түн ортасына дейін таусылғанша кітаппен сырласа отыруы, батыр кейіпкерлеріміздің мінезін, жасаған ерліктері мен жеңістерін, қызылша отап еңбекпен тапқан адал бейнетін, осы кітаптарды оқып отырып өмірлеріне бір сәтке еніп, батыр аналарымыздың аштықта қиялдағы ертегілерін суық түнде аяздың ызыңымен қатар оқып, бала жанын арманға жетелеп, болашаққа биік шыңды бағындыруға мүмкіндік бере білген барлық дүниелерін мысал келтіре отырып айтып, түртіп алардай дүниелерді айтар едім.

Қазір қазақ ұлты, әсіресе, жастар кітап оқудан алшақтап барады. Бүгінде мектеп оқушылары, жоғары оқу орындарының студенттері, мемлекеттік қызметкерлер қажеттің бәрін тікелей ғаламтор желісінен алатыны белгілі. Олар кітап дүкенінен, кітапханадан кітаптар іздеп, уақыт кетіргілері келмейді. Әдеби кітаптардың да электрондық нұсқалары да ғаламторда пайда бола бастады. Қалай десек те, кітаптың жөні бөлек. Ең бастысы – ой-санаңды өсіреді. Жақсыға үйретіп, жаманнан жирендіреді. Бала денсаулығына да пайдалы. Демек, рухани құндылықты ұрпақтың бойына дарытып, ойына қондыра алсақ ұтылмас едік. Барлық білім алушыларымызды кітап оқуға, кітаппен сырласуға, кітаптан рухани азық алуға, болашақ мақсаттарымыз бен армандарымызға бірге қол жеткізуге шақырар едім.



# ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЖҮРГІЗІЛУІ

***МОЛДАШЕВА Гаухар Елтайқызы,***
***Арыс қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі.***
***Түркістан облысы***

Әр бала ерекше, талантты. Әр бала —болашақ данышпан, зерттелмеген құпия. Тек оған шығармашылығын көрсетуге мүмкіндік беру керек. Қазіргі қоғамда ерекше ойлайтын, белсенді, шығармашыл, алға қойылған мақсаттар мен міндеттерді қалыптан тыс жолдармен шеше алатын адамдарға деген қажеттілік артып келеді. Сондықтан, білім беруде оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру үшін жағдай жасау мәселесі кеңінен талқылануда. Инновациялық педагогикалық құралдар мен әдістердің арасында оқу-зерттеу қызметі ерекше орын алады. Бұл жұмыстың бастауыш мектептен бастап жүйелі жүргізілуі өте маңызды, өйткені дәл осы жаста балалардың бойында белсенділік, шығармашылық және тәуелсіз іс-әрекет жасау дағдыларының негізі қаланады. Баланың шығармашылық қабілетін ашу, оны алға қарай дамыту үшін ең бастысы жағдайлар жасау қажет. Ұстаздарға оқуда қиыншылық туғызбайтын, тәртіпті, ұйымшыл, білімді, тұрақты, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын оқушылар көбірек ұнайды. Ал, қисынсыз сұрақ қоятын, өз жұмысымен ғана айналысатын, тәуелсіз, көбіне түсініспеушілік туғызатын, қияли, әр нәрсеге көзқарасы бөлек оқушылар ұнамайды. Бірақ осы қасиеттер оқушының шығармашылық дарындылығын көрсететінін және үлгерімі төмен оқушылардың арасында аз емес екендігін де айқындау қажет.

Сондықтан оқушының қабылдауын 5 топқа бөліп қарауға болады:

**1** Механикалық қабылдау. Мұнда оқушы білімді жаттап алады, практикада пайдалана алмайды.

**2** Индуктивті қабылдау. Мұнда да оқушы білімді жаттап алады да, практикада қолдана алмайды.

**3** Саналы қабылдау. Оқушылар ережені дұрыс қабылдайды, практикада қолдана алады.

**4** Ішкі қабылдау. Оқушы ережелерді, оны дәлелдеуді толық түсінеді, дұрыстығына күмәнданбайды.

**5** Толық қабылдау. Қабылдаған, бекітілген, байланысқан, бір сөзбен айтқанда, жүйеленген білімді қабылдайды.

Бұл қабылдауларға тек оқушылармен түрлі бағытта жұмыс жүргізу негізінде қол жеткізуге болады. Көп оқушылар механикалық қабылдау деңгейінде қалып қояды, алған білімін практикада пайдалана алмайды. Сондықтан, оқушылардың білімді қабылдауын жоғарылатуда түрлі әдістерді пайдалану керек. Оқушының дарындылығының дамуы, қабілетінің ашылуы көбінесе мұғалімнің кәсіби біліктілігіне және оның тұлғалық қасиетіне байланысты. Сондықтан оқушымен шығармашылық жұмыс бастамас бұрын мұғалім өзіне төмендегідей талап қойғаны дұрыс:

1. Баланың қабілетін анықтауда психологпен бірлескен жұмыс жасау;
   - Арнайы психометриялық тест алу, психодиогностикалық тренинг жүргізу.
2. Ата - анасымен педагог ретінде сөйлесе білу;
   - Зерттеу жұмыстарының мүмкіндігін таныстыру, қызықтыру.
3. Дарынды балаларға арнайы бағдарламалар жасау;

- Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту үшін тапсырма беру арқылы сөздік қорларын молайту, білім дағдыларын жетілдіру.

4. Дарынды балаға шығармашылықпен жұмыс істеу үшін жаңа, тың тапсырмалар беру, орындалуына талап қою.

- Түрлі тақырыптарда эссе жаздыру, әдеби кітаптар оқыту, оны талдай білу.

5. Тапсырманың орындалу нәтижесін қадағалау.

Оқушының шығармашылық дағдысы осылайша қалыптасады. Ол логикалық түрде ойлап, саналы, жан-жақты қабылдайтын болуы керек. Бірақ табиғатынан адам әртүрлі қабілетті болып туылады және қабілеттердің дамуы да әртүрлі болады. Білім беру ұйымдарында оқушылардың қабілетін айқындайтын, ерте жастан шығармашылық жеке дағдыларын дамытатын түрлі бағытта үйірме жұмыстары жүргізіледі. Үйірме жұмыстарының міндеттері негізінен оқушының бойындағы біліктілік пен танымды, еңбексүйгіштік пен қарым-қатынасты тәрбиелеу, үнемділік пен еңбек өнімділігіне жетуді үйрету, шығармашылық пен оған деген белсенділікті арттыру, конструкторлық-технологиялық ой-өрістерін дамыту болып табылады. Үйірмеге қатысатын оқушыларға таным мен дағдыны қалыптастыру барысында тек олардың техникаға байланысты сапалық білімдеріне сүйеніп қана қоймай, басқа пәндер бойынша білімдерін дамытуға ықпалын тигізеді. Осы бағыттардағы жұмыстарды үйлестіруде білім беру ұйымдарында пәндік үйірме сабақтары, қолөнер, спорт үйірмелерімен қатар қосымша білім беру мекемелері қызмет атқарады. Атап айтсақ: Өнер мектебі мен «Жас туристер, натуралистер, техниктер» станциясы.

Оқушының зерттеушілік және шығармашылық дамытушылық ойындар қолдану,

- кітапханада жұмыс жасау,
- танымдық сипаттағы әңгімелер жүргізу.

2. Оқушылардың жеке дара ерекшеліктерін ескеру.

- оқушылардың қызығушылығына қарай шығармашылық дағдыларының мүмкіндік-терін анықтау,
- баланың жеке дара қабілетіне сәйкес жеке, топтық, жұптық тапсырмалар беріліп, жұмыс жүргізіледі.

3. Шығармашыл тұлға қалыптастыру.

- оқушылардың қызығушылығына қарай жоспар жасау,
- шығармашылық дағдыларын дамыту мақсатында тапсырмалар беру,
- шығармашылығын шыңдау.

Оқушының шығармашылық дағдыларын бірнеше әдістер арқылы анықтап, дамыту жұмыстарын жүргізу керек.

Проблемалық әдіс:

Мәселе әдетте нақты тұжырымдалған сұрақ ретінде түсініледі, көбінесе таным барысында туындайтын сұрақтар жиынтығы.

Мәселе – бұл қиындық, белгісіздік. Мәселені шешу үшін берілген проблемалық жағдайға байланысты барлық нәрсені зерттеуге бағытталған әрекеттерді қажет етеді.

Ойын арқылы:

Зерттеу қызметін қалыптастыруда ойынға ерекше рөл беріледі. Интеллектуалды немесе дидактикалық ойын білім деңгейін тексеру, іздеу жұмысын ынталандыру, тапқырлықты дамыту, логикалық ойлауды қалыптастыру, ой-өрісін кеңейту, оқу және дамыту міндеттерін шешетін болады.

Жобалау

Зерттеу дағдыларын қалыптастыратын нәтижелі әдістер туралы айту мүмкін емес, оның

| № | Үйірме атауы | Үйірме саны | Қамтылған оқушы саны | Қатысым пайызы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | **Жалпы үйірмелер:**<br>1. Пәндік үйірмелер<br>2. Спорт үйірмесі | 222<br>126<br>96 | 14758 | 73,2 % |
| 2 | Жас туристер, натуралистер, техниктер станциясы | 7 | 318 | 100 % |
| 3 | Өнер мектебі | 7 | 216 | 100 % |
| | **Жалпы қала бойынша** | **214** | **15292** | **80,4 %** |

дағдыларын дамыту мақсатына жетудегі жүзеге асырылатын міндеттер:

1. Оқушылардың теориялық білімдерін шыңдау.

- үйірме сабақтарында оқушылардың қызығушылығына қарай шығармашылық дағдыларын анықтауда дидактикалық және

мәні балалар өз мүдделеріне сүйене отырып, мұғаліммен бірге қандай да бір зерттеу және практикалық тапсырманы шеше отырып, жобаны орындауында. Бұл жағдайда жобаның мақсаты анық және жоба оқушыға қызықты болуы керек, бала нәтижені болжап, анықтамалық әдебиеттерді қолдана алуы қажет.

Модельдеу

Баланың танымдық белсенділігін дамыту үшін модельдеу немесе модель құру маңызды рөл атқарады. Модель ойды бағыттайды, басты нәрсені бөліп көрсетуге, оқу міндетінің мәніне енуге көмектеседі. Осылайша, біртұтас қабылдауды қамтамасыз ететін визуалды-бейнелі ойлау енгізіледі.

Эксперимент.

Эксперимент бақылаумен қатар зерттеудің маңызды әдістерінің бірі болып табылады. Бұл әдіс барлық ғылымдарда қолданылады. Олар адамның объектіге әсерін, ондағы өзгерістер мен қорытындыларды бақылау процесін болжайды. Эксперимент гипотезаны тексеру және салыстыру мақсатында жүзеге асырылады.

Мұғалім оқушылардың шығармашылық дағдыларын осы аталған әдістер арқылы дамытуда ғылыми көзқарасының қалыптасуына, ең бастысы ой-өрісін, танымдық қабілетін, шығармашылық белсенділігін арттыруға өз үлесін қосатын болады.

Оқушылардың зерттеушілік және шығармашылық дағдыларын дамыту, ізденушілікке баулу, ғылымға жетелеу арқылы өздерінің қабілеттерін ашу мақсатында білім беру ұйымдарында оқушылардың ғылыми қоғамы құрылды. Оқушылардың ғылыми қоғамы екі бағытта жұмыс жүргізеді.

1. 2-7 сынып оқушылары үшін. «Жас дарын»
2. 8-9 сынып оқушылары үшін. «Жас ғалым»

- Оқушылардың ғылыми қоғамы жұмысының жүргізілуін айтатын болсам:

* Ғылыми шығармашылыққа жақын оқушыларды анықтау мақсатында жалпы орта білім беретін мектептердегі ғылыми шығармашылықпен жұмыс жасайтын оқушылар тізімі жасақталды.

- Ғылыми шығармашылықк бейімі бар жалпы оқушылар саны – 470,
- 2-7 сыныптарда – 290,
- 8-9 сыныптарда - 180.

* Дарынды балаларды анықтау, оларға және олардың шығармашылық қабілеттерінің өсуіне көмек көрсету мақсатында іс-шаралар ұйымдастыру керек:

- оқушылардың ғылыми-зерттеушілік қабілетін анықтайтын сауалнамалар алу;
- оқушылардың білім мен білік дағдыларын жетілдіретін жаттығулар жүргізу;
- термин сөздіктердегі сөздік пайымдық қабілеттерін зерттеу жұмыстарын жүргізу.

* Оқушылардың ғылыми-шығармашылығын дамыту мақсатында информациялық-әдістемелік жұмыстар жүргізу:

- оқушының таңдаған зерттеу тақырыптары бойынша жан-жақты мағлұмат және бағыт-бағдар беру;

* Жоба жетекшілеріне зерттеу жұмыстары бойынша кеңестік көмек көрсету:

- Теорияны зерттеу. Жоба тақырыбының теориялық маңыздылығына, құндылығына назар аудару;
- Зерттеу әдістері. Заманауи әдіс-тәсілдерді қолданудың тиімділігін таныстыру;
- Өзіндік материалды жинау. Интернет желісі, оқулықтардан алынған материалдармен шектелмей өзіндік ой-пікірін, ізденісін енгізу, өзіндік қорытындылар жасауға кеңес беру.

* Шығармашылық жұмыстарды орындау:

- мектепішілік, қалалық, облыстық қорғау кезеңдерін өткізу.

* Педагог мамандар мен оқушылардың бірлестігі жұмысының формасы:

- Сабақ барысында да тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың зерттеу-ізденушілік әрекеттерін ұйымдастыруға әртүрлі жұмыстарды жүргізуге болатыны туралы кеңес беру.

Оқушылардың зерттеушілік және шығармашылық дағдыларын дамыту мақсатында білім беру мекемелеріндегі оқушылардың ғылыми қоғамы:

- оқу-әдістеме семинарлар;
- ғылыми-әдістемелік конференциялар;
- олимпиадалар;
- ғылыми жоба жарыстары;
- интелектуалды ойындар;
- шығармашылық жарыстар;
- шебер сыныптар ұйымдастырылды.

Ұрпағының зерек те зейінді болып өсуін қаламайтын жан жоқ. Көкжиегі кеңейіп, қатарластарымен тең болуына себепші түрлі үйірмелер екені белгілі. Осы орайда оқушылардың шығармашылық дағдылары мен ой-өрісін үйірме жұмыстарында дамытудың нәтижесінде, оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамытуда республикалық деңгейге дейін жеткен жетістіктеріміз бар.

Абай Құнанбайұлының «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген қанатты сөзімен қорытындылай отырып, оқушылардың зерттеушілік және шығармашылық дағдыларын дамытудағы ұсынысым:

- Оқушыны алған білімін өмір сүруіне пайдалана алуына дайындау;
- Оқушыларда өз бетінше танып-білу дағдыларын қалыптастыру;
- Ақпаратты жинақтау, талдай білу, іріктеу және пайдалана алуға үйрету,
- Зерттеу, болжам жасау, қорытынды мен шешім қабылдау қабілеттерін дамыту;
- Мақсатқа жете білетін азамат тәрбиелеу.



# БАЛАЛАР НЕГЕ НАШАР СӨЙЛЕЙДІ?

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУДА АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ МАҢЫЗЫ

***МЕЛДЕХАНОВА Айгерим Умирхановна,***
***Шымкент қалалық Білім басқармасы***
***мектепке дейінгі дамыту орталығының***
***мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту менеджменті бөлімі әдіскері.***

*Заман амалының жарысынан,*
*заман көшінің қатарынан қалмай өмір сүру үшін*
*бүгінде адамға көп өнер-білім даярлау керек.*
*А.Байтұрсынұлы*

Қазақ халқы қай уақытта болмасын ұрпақ тәрбиесін ұлттың тағдыры, ұлттың болашағы деп білген. Сондықтан тәрбие мәселесіне көңіл бөліп, болашақ ұрпаққа сапалы тәрбие беруді басты мақсат еткен. Соңғы кезде бала түгілі болашақ тәрбиеші мамандығын таңдаған білім алушыларда сабақ айту, сөйлеу, тіл дамуының проблемасы өткір мәселе болып тұр. Неге балалар нашар сөйлейді? Мүмкін біз олармен сөйлесуді ұмытқандықтан болар. Қазіргі кезде ата-аналар балаларымен сөйлескенде мақал-мәтел, нақыл сөздерді сирек қолданады. Негізінде, халық ауыз әдебиеті адамдардың мейірім-шуағын оятатын ғажайып қабілетке ие. Балалармен жұмыс жасағанда халық ауыз әдебиетін қолдану дегеніміз баланың тілін, ойлауын дамыту, мінез-құлқын реттеу, адамгершілік, патриоттық сезімдерге ие жеке тұлғаны қалыптастыру. Қазіргі заман талабына сай ұлттық психология негізінде қалыптасқан, дені сау, білімге деген қызығушылығы жоғары, өздігінен іс-әрекет жасау дағдыларын меңгерген тұлға даярлап шығару - мектепке дейінгі мекемелердің негізгі міндеті. Қазіргі кезде балабақша тәрбиешілеріне өте үлкен де жауапты міндет жүктелген. Әлі тілі де шықпай келген кішкентай бүлдіршіндерді тәрбиелеп, оқытып, мектепке дайындау аса зор жауапкершілікті талап етеді. Ал, ол жауапкершілік бүгінгі «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығының оқытушылары, ұстаздың мойнында. Себебі балабақшадағы сәбилер жас шыбық секілді, қалай майыстырса солай өседі. Ақ парақ секілді, не үйретсең соны қабылдайды. Сондықтан да тәрбиешінің білім дәрежесі, мәдениеті үлгілі сөйлеу тілін меңгеруі өте маңызды. Ол тәрбиеші – жоғарыда айтылған маман иесі. Тіл – табиғаттың үлкен сыйы. Тіл арқылы адамзат тілдесудің үлкен мүмкіндіктеріне қол жеткізеді, қарым-қатынасын білдіреді және көзқарастарын қалыптастырады. Дүниенің қыр-сырын танып білуге жол ашады. Сондықтан, тілдің дамуына, әсіресе мектеп жасына дейінгі бала тілінің дұрыс қалыптасуына тәрбиешілердің ерекше мән бергені жөн. Бүлдіршіндердің қиялын шарықтатып, ой-өрісін дамытуға санамақтар мен ұлттық ойындардың тигізетін пайдасы ұшан-теңіз. Болашақ тәрбиешілерге оқу іс-әрекетінде және одан тыс уақыттарда да халық ауыз әдебиеті түрлерін кеңінен қолдануын ұсынамын. Сонымен қатар бала тілін, сөздік қорын молайтуына әртүрлі көрнекі құралдарды түрлендіре пайдалануды жөн деп үйретемін. Өйткені, олар арқылы балаларды қызықтырып, өзіне тарту қиынға соқпайды.

Б.Момышұлы атамыздың «Ертегісіз өскен бала рухани мүгедек адам», - деген қанатты сөзі бар. Шынында да ертегі балаларды төзімділікке, еңбекқорлыққа, шыдамдылыққа, батылдыққа тәрбиелейді. Балабақша балаларына түскі ұйқыға жатар алдында ертегі айтып беруді әдетке айналдырған дұрыс. Оған балалар да үйреніп, төсектеріне жатқанша асығатыны анық. Нәтижесінде, жылдың басында тәрбиеші ертегіні айтып үйретсе, екінші жарты жылдықта балалардың өздері айта алатын дәрежеге жетеді. Бұл жерде балалар ертегіні естеріне сақтап қана қоймайды, олардың тілі дамиды, бала байланыстырып сөйлеуді үйренеді және ойлау, қиялдау қабілеттері жетіледі. Балалар жағымсыз кейіпкерлердің жаман әрекеттерінен бойларын аулақ ұстап, жақсылыққа құмартады. Ал халық ауыз әдебиетінің тағы бір түрі жұмбақтар баланы байқағыштыққа, тапқырлыққа баулып, ой-қиялын ұштауға көп әсер етеді. Балалардың ой-өрісін дамытуда жұмбақтарды кеңінен қолданған жөн деп білемін. Оны оқу іс-әрекеттерінде де, басқа уақыттарда да қолдана отырып, білім алушылардың жауабын іздеуге итермелейміз. Жұмбақтардың жауаптарын іздей отырып, балада ойлау қабілеті жақсы жетілетіні анық. Халықтық шығармалар ішінде баланы дұрыс та, айқын сөйлеуге үйрететін, тілін жаттықтыруға бейімдейтін жанр - жаңылтпаш. Балалар жаңылтпаш арқылы сөздерді дұрыс сөйлеуге, жеке дыбыстарды алмастырмай дұрыс айтуға үйренеді. Тәрбиеленушілерге ертегілерді айтқызғанда, жұмбақтар, жаңылтпаштарды үйретуде мнемотехника әдісін кеңінен қолдану керек. Бұл әдіс тәрбиеленушілердің суреттерге қарай отырып сөздерді

айтуға, есіне сақтауына жақсы көмектеседі.

Балабақшадағы бүлдіршіндердің тілін дамытуда ұлттық ойынның орны ерекше. Халық педогогикасында ойындар өте көп және мазмұндары да, бағыттары да бірін-бірі қайталамайтындай сан алуан, әрі қызықты. Олар «Ақ серек, көк серек», «Тақия тастамақ», «Айгөлек», «Мысық пен тышқан», «Арқан тарту», «Ханталапай» және т.б. Ойын ережелерінің біздер үшін тәрбиелік маңызы зор. Олар ойын барысын белгілейді. Қазақ балалары «Асық» ойындарын жақсы көреді. Әр түске боялған асықтарды сабақ барысында топты үшке немесе төртке бөліп түстерді ажыратуды, заттардың кеңістікте орналасуын үйренеді. Топішілік сайыстар өткізген кезде де жеңімпаздарды алған асық санына байланысты анықтай отырып, ұлттық ойындардың мазмұндық ерекшеліктері, біріншіден, балалардың ақыл-ойының белсенді жұмыс істеуіне, дүниетанымының кеңеюіне, қоршаған ортаға деген көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік жасайды. Екіншіден, ойын ережелерінде жеке тұлғаның қалыптасуына әсер ететін үлкен тәрбиелік мән бар. Ұлттық ойындарда білім алушыларға халықтың салт-дәстүрі мен тұрмыстық шаруашылық еңбегінен түсінік береді. Үшіншіден, сергіту сәті арқылы қимыл-қозғалысын дамытып, дене тұлғасының дұрыс қалыптасуына мүмкіндік жасаймыз. Төртіншіден, балалардың қиялын, ақыл-ойын, дене қимылын дамытатын тәрбие құралы. Бесіншіден, ұлттық ойындар балалардың өзін еркін ұстауға, ашылуына, алған дәрісті толық еркін жеткізу үшін тілін ширатады, зейінділік, ұстамдылықты дамытады.

Ертегі, әңгімені, өлең-тақпақтар мен жаңылтпаштарды, сондай-ақ мақал-мәтелдер мен жұмбақтарды мәнерлеп оқып беру мен әсерлеп айту тек қана олардың сөздік қорын байытып қана қоймайды, сонымен катар, ақыл-ойының жетілуіне әсерін тигізді. Әдепті болуына ықпалы өлшеусіз және Отанын, өз ұлтын, өз жерін сүюі, оны қадірлей білуі ауыз әдебиеті мен көркем әдебиетінің әсері деп білемін. Сондықтан іс-әрекет үстінде кітаптағы жағымды кейіпкерлерді айту, көрсету арқылы еліктетіп отырған жөн. Кітап оқыған білім алушы үйге берген тапсырма болсын, дәріс болсын қиыстырып, тұжырымдап шеберлікпен айта алады.

Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді қазақ халқының әдеби мұраларымен сусындатып тәрбиелеу қазіргі заман педагогтарының негізгі міндеттерінің бірі. Халық ауыз әдебиетімізде халқымыздың түсінік, пайымы, тәлім-тәрбиесі бар. Қазақ тілін дамытуға халық ауыз әдебиетін орынды, жүйелі пайдалана білген әрбір болашақ тәрбиеші баланың санасын арттыра отырып, түсінігін кеңейтіп, ұғымын байытады. Сондықтан да мен өз ойымды XX ғасырдың басында өз халқын ілімге, мәдениетке шақырып, жаңашылдықтың жаршысы болған халқымыздың көрнекті ағартушысы, алғашқы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізін қалаған тұңғыш педагог, әрі журналист, публицист Н.Құлжанованың сөзімен тұжырымдағанды жөн көрдім: «Ойнай білу дегеніміз, ойлай білуге үйретеді».

# ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНДАҒЫ ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ



***ЖОЛЫМБЕТОВА Айнұр Ерғалиқызы,***
***Шымкент қалалық Білім басқармасы мектепке дейінгі дамыту орталығының Тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру және құндылыққа баулу бөлімі әдіскері.***

Информатика пәнін оқытуда интербелсенді әдістерді қолдану оқушылардың қазіргі уақыт талабына сай білім алуына, шығармашылық белсенділігін дамытуына үлесі орасан зор. Интербелсенді әдіс – ол жаңашыл, әрдайым үздіксіз жаңарып отыратын әдіс. Ол әрдайым өзгеріп отыруы шарт. Істеген әрбір жұмысымыз инновацияға толы болса, онда ол шығармашылық болар еді. Инновацияның қоғамға сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де енуі үшін, оның технологиясын құру керек. «Технология» ұғымы бірінші рет өткен ғасырдың 40-шы жылдары шет елдерде қолданысқа түсіп, педагогикалық үрдісте технологиялық құралдар мен оқыту бағдарламаларын пайдалануға байланысты болды. Әдіскер-информатик, профессор Ә.Қ.Бүркіттің пайымдауынша, технология дегеніміз – әдістемелік жүйемен сәйкесті дидактикалық үрдістер кешенінің тәжірибеде жүзеге асырылатын жобасы, ал педагогикалық жағдаяттарға сай қолданылатын әдіс, тәсілдер оның құрамды бөлігі.

Педагогикалық технология – оқу әдістері мен тәрбиелік құралдардан таңдалып алынған психологиялық-педагогикалық жиынтық. Ол, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерінің жолын көрсететін құрал.

Жаңартылған мазмұн негізінде информатика пәнін оқытуда интербелсенді әдістерді қолдануға, педагогикалық технологияның дамуына үлес қосқан шетел оқымыстылары (Ж.Ж.Руссо, Я.Корчак, Г.Роджерс, Э.Берн т.б.), орыс оқымыстылары (К.Д.Ушинский, Н.П.Пирогов, Л.Н.Толстой т.б.), совет ғалымдары (Н.К.Крупская, С.Т.Шацкии, В.А.Сухомлинский, А.С.Макаренко, В.П.Беспалько, П.С.Селевко, С.С.Кашлев, В.М.Монахов, В.М.Волков, М.В.Кларин, Д.Б.Эльконин,

В.В.Давыдов, Ш.А.Амонашвили, В.П.Шаталов т.б.), қазақстандық ғалымдар Ж.А.Қараев, профессор Ә.Қ.Бүркіт, Г.М.Құсайынов, М.М.Жанпейісова, Т.Галиев, Н.Н.Нұрахметов, Г.К.Нұрғалиева, Ә.Ә.Жүнісбек, К.К.Қабдықайыров Ж.Қобдинова т.б. соның ішінде модульдік оқыту технологиясымен айналысқан ғалымдар Г.С.Күдебаева, С.С.Құнанбаева, К.Ж.Жаксылықова, Л.Екшембаева, М.М.Жанпейісова т.б. теориялық және практикалық жағынан дәлелдеп берді.

Мәселен, жаңартылған мазмұн негізінде информатика пәнін оқытуда интербелсенді әдістерді қолдануда: лекция, консультация, сынақ, үйірме т.б. интербелсенді сабақтарды инновациялық технологиясын құрып өтуге болады. Бұл жерде үйірме сабақтар – білімді тәжірибемен ұштастыратын бірден-бір білім көзі.

Интербелсенді әдіс – жалпы ғылым аясындағы қолданылатын әдістердің жиынтығы. Осыған қоса әрбір ғылым саласы тек қана арнаулы объектіге ғана емес, сол объектіге сәйкес арнаулы әдіске де ие болады.

Зерттеу құралдарына түрлі процедуралар, әдістер, тәсілдер, методикалар, жүйелер мен методологиялар кіреді. Бұл түсініктер төмендегі логикалық қатарды құрайды.

· Әдіс – зерттеу барысында белгілі бір қорытынды алуға бағытталған, бір немесе бірнеше метематикалық, немесе логикалық операциялардың теорияға немесе практикаға негізделген түрі. Процедура – белгілі бір операциялар жиынтығының орындалуын қамтамасыз ететін іс-әрекеттердің жиынтығы.

· Тәсіл – күрделі әдіс болып табылады, ол зерттеу барысындағы бірнеше нысаналы әдістердің жиынтығы.

· Әдістеме – бір немесе бірнеше әдістер жиынтығына негізделген зерттеу жолдары, немесе олардың жиынтығына негізделген әдістер.

· Әдіснама – зерттеу әдістері, жүйелері мен методтары жөніндегі білімнің жиынтығы.

· Жүйе – күрделі құбылыстар мен процестерді зерттеу үшін қажетті техникалық құралдар мен методикалардың жиынтығы.

Жаңартылған мазмұн негізінде информатика пәнін оқытуда информатика пәні мұғалімі оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технология (АКТ) құралдарын қолдану дағдыларын дамытады. Ақпаратты іздеу және өңдеу барысында ұжымда идеялармен алмасады, өз жұмыстарын бағалайды және жетілдіреді, түрлі жабдықтар мен қосымшалардың кең ауқымын пайдаланады. АКТ оқушы білімінің, оларды тиімді қолдану бойынша дағдыларының дамуына жәрдемдеседі.

Жаңартылған мазмұн негізінде информатика пәнін оқытуда интербелсенді әдістерді қолданудың маңызы зор. Құндылықты-бағдарланған тәсіл оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы оқу-тәрбиелік үдерістің сәйкесінше формалары арқылы тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін алғышарттар құруды көздейді. Орта білім беру құндылықтары: қазақстандық отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек және шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу. Тұлғалық-бағдарланған тәсіл педагогтің назарын оқушы тұлғасының тұтастығына, оның тек ақыл-ойы, азаматтық жауапкершілік сезімінің ғана емес, сондай-ақ эмоционалдық, эстетикалық, шығармашылық нышандары мен даму мүмкіндіктерімен қоса рухани дамуы туралы қамқорлыққа шоғырландыруды көздейді. Жүйелік-әрекетті тәсіл оқу-тәрбие үдерісінде оқушының өз бетінше білім алуына бағытталып, осы мақсатта мұғалімнің тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді. Коммуникативтік тәсіл бірінші кезекте оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырып отырған мәтін, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуге бағытталған. Интегративтік тәсіл оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі. Жаңартылған білім беру мазмұнына ортақ тақырыптарды енгізу әр түрлі пәндік салалардан білімдерді кіріктіруге және сол арқылы алынатын білімдердің функционалдығына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Зерттеу тәсілі зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, оқушыларда танымдық қызығушылық қалыптастырады.

Информатиканы интербелсенді оқыту – әрекетпен және әрекет арқылы оқыту, бұл ұстаным үлкен нәтижелерге жеткізетін тиімді жүйе деп есептелінеді, себебі адам санасында бірінші кезекте өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасаған істер қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций (Кун-цзы) былай деген екен: «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін». Сондықтан интербелсенді оқыту оқушылардың оқу үдерісіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары және тәсілдері ретінде танылады.

Информатика сабағында оқушылар тек тыңдаумен айналыспай, білім алуда белсенді әрекет етуі керек екенін көрсетеді. Белсенді оқу аясында көңілді білім алады. Жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдер өз шеберлігін көрсетеді. Мұғалімдер әр сабақ соңында оқушыдан күтілетін нәтижелерін анықтайды. Интербелсенді оқытуда интербелсенді әдістер қолданылған сабақтарда сыныпты екі немесе үш, төрт ұялы топтарға бөліп, барлығына бірдей бір тапсырма не әр ұялы топқа бөлек-бөлек тапсырма беруге болады.

Жаңартылған бағдарламаға сәйкес алынған интербелсенді тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізсеңіз, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығарма-

шылығын қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылар оқудың қызықты жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды. Яғни, оқушы өз ой-пікірін ашық еркін айтады, бір-бірін тыңдауға үйренеді сыныпта ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады. Сондықтан басқа пәндердің де осындай оқыту формасымен оқытылса, тиімді болатындығын айтуға болады.

Сонымен, интербелсенді оқыту форматындағы оқу процесін ұйымдастыру оқытушы мен білім алушылардың оқу қарым-қатынастың дәстүрлі формаларын сақтай отырып, жекелеген оқыту технологияларын қолданып жүзеге асырылады.

# ВЛИЯНИЕ СНА НА ЗДОРОВЬЕ ЧЕЛОВЕКА

***КЫДЫРЖАНОВА Ардак Аукеновна,***
***Республикалық жоғары медициналық колледжінің оқытушысы.***
***ЗИЯБЕК Мерей Ілиясқызы,***
***Химия-биология бағытындағы***
***Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12 «А» сынып оқушысы.***
***Алматы қаласы***

Наше время характеризуется высокими нагрузками, требующих уравновешенного состояния нервной системы. Большинство людей пренебрежительно относятся к своему здоровью – постоянно недосыпают. Она нарушает режим сновидений, гигиену сна. Как следствие люди становятся нервными, невнимательными, раздражительными, плохо учатся, и не подозревают из-за чего это может происходить. Сон не только влияет на работоспособность, нарушение сна в детстве оказывают неблагоприятное воздействие на здоровье, в том числе приводит к ожирению, снижению иммунитета и задержке роста, а также негативно влияет на психику. Плохой сон способствует возникновению ряда заболеваний, так как недостаток сна снижает сопротивляемость болезням. Во время сна вырабатываются нейромедиаторы – специальные химические вещества, которые наподобие дирижера заставляют наш организм работать слаженно, как часы. Поэтому иммунная система очень нуждается во сне. Люди, которые хорошо спят – меньше болеют.



Исходя из вышесказанного, изучения влияния здорового сна на работоспособность и бодрое состояние имеет большое значение. Поэтому ликвидация вопросов безграмотности в вопросах физиологии сна, профилактика нарушений сна необходима.

Целью исследования является изучение влияния сна на здоровье человека, факторов на качество здорового сна, изучение проблемы организации сна в подростковом периоде с участием учащихся 10, 11 классов, которые должны помочь им понять важность вопросов, связанных с ролью сна в жизни человека.

На первом этапе исследования использованы информационно-аналитические методы (анкетирование и телефонное интервью). Разработаны анкеты и проведен социологический опрос, изучены и оценены результаты анкетирования.Проведен мониторинг 25 учащихся 11 класса, 25 учащихся 10 класса по вопросам, связанным с гигиеной сна. Для этого были использо-ваны вопросы профессионального теста, взятого с сайта «Центр Детского и материнского сна»

Общая цель сбора информации состояла в следующем:

1. Выявить группу риска учащихся, которые имеют нарушение гигиены сна и определить причины, которые способствуют нарушению качества сна;

2. Определить информированность учащихся про сон, факторы влияния на качество сна,

последствия, заболевания при нарушении сна;

3. Сопоставить полученные данные с уровнем успеваемости этих учащихся (через мониторинг выполнения контрольных мероприятий на разных уроках в течение месяца)

По результатам профессионального теста выявлена группа риска, она составила 39 человек (из 50). По нашему мнению из них 3 человека уже должны обратиться со своими проблемами к помощи врача.

Общий вывод следующий: большинство подростков не соблюдают гигиену сна и нарушают отдельные гигиенические нормы.

На втором этапе исследовательской работы была проведена работа с группой риска, направленная на устранение причин, способствующих нарушению качества сна (изменение условий сна). В ходе этой работы удалось выявить причины нарушения сна ребят и обратить их внимание на необходимость их устранения, а также надеемся показать последствия безответственного отношения к нарушению гигиены сна и прямому их влиянию на качество учебных результатов.

Возможные причины нарушения гигиены сна подростков из группы риска, 10, 11 классов:

1. Ужин за 30 минут до сна
2. Поздний ужин. Ужин не вовремя
3. Чувство страха перед сном
4. Просыпается по будильнику на телефоне
5. Телефон на расстоянии вытянутой руки
6. Спит меньше 7 часов
7. Поздний сон
8. Нет дневного сна
9. Поздний дневной сон. Дневной сон более 2-3 часов
10. Перед сном пользоваться гаджетами, ПК
11. Психологическое неуравновешенное состояние (страх, волнение)

Мониторинг ответов учащихся 10, 11 классов показал, что их большая часть не соблюдает дневную норму сна, при этом 30% респондентов не находят времени на дневной сон. 70% ребят находят время для дневного сна, но 50% из них спят более 1-1,5 часов, что не рекомендовано врачами в этом возрасте, и спят с 17.00 до 18.00 и даже позже, просыпаясь с головной болью. Больше половины учащихся не спят свою норму (8 ч.) сна, при этом именно эти учащиеся говорят о том, что не высыпаются систематически. Часть учащихся заканчивают игру на компьютере прямо перед сном, 90% учащихся пользуются перед сном мобильным телефоном (инстаграмм, ватсап, телеграмм, тик-ток и т.д.), что сказывается на качестве сна. Возникновение тревожных мыслей перед сном, и иногда кашмаров, связаны с учебной деятельностью, и чем ближе к экзаменам, тем больше учащихся спят беспокойнее. А вот рассказывают своим родителям о своих тревогах лишь единицы, поэтому не все могут получить необходимую помощь своевременно. В данной группе 95% учащихся не высыпаются в системе или часто. Во время сдачи СОР и СОЧ учащиеся очень поздно ложатся спать, и можно предположить, что это приводит к нарушению здорового сна.

Мониторинг ответов показал, что большая часть (80%) опрошенных являются «совами» или «голубями». С профессиональной точки зрения «голуби» - это аритмики, т.е. самая неустойчивая группа людей с точки зрения режима: нет постоянной привычки засыпать и просыпаться в одно и тоже время, что в дальнейшей жизни скажется на общем физическом состоянии организма.

Однако, большая часть опрошенных до сна выпивает стакан воды, что рекомендовано специалистами – сомнологами, т.к. организм теряет за ночь воду. Большинство опрошенных до утра не испытывают необходимость вставать.

Самый высокий отрицательный показатель связан с тем, что большинство учащихся не расстаётся со своим телефоном ночью - 95%, и только 3 человека отключают сотовые телефоны и любую технику на ночь полностью. Часть подростков ночью смотрят на часы в сотовом телефоне – это плохая привычка – в этот момент в головной мозг поступает сигнал от яркого экрана и мелатонин прекращает вырабатываться. Но ещё хуже то, что некоторые учащиеся сказали о том, что непосредственно перед сном играют на компьютере в эмоциональные игры. Именно эти учащиеся попали в нашу группу риска и по другим параметрам. Практически все респонденты положительно ответили о соблюдении гигиенических норм при засыпании: проветренная комната, комфортная кровать, приятное бельё и т.д.

Вывод:

· отклонения по выполнению режима сна значительны, в группу риска, по нашему мнению, можно включить 78% (39 человек из 50). Мы же сделали следующий вывод: чем старше мы становимся – тем больше нагрузок мы будем испытываем, поэтому необходимо научиться сейчас жить по режиму и соблюдать гигиену сна.

Далее мы предположили, что низкая работоспособность могла быть связана с недосыпаниями (по ряду причин) и повлияла на оценки контрольных работ по разным предметам.

Мы надеемся, что многие подростки переосмыслят своё халатное отношения к собственному сну.



# ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ АТА-АНА ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

***РЫСТАНБЕКОВА Жансұлу Миркақызы,***
***Жол-көлік колледжінің оқытушысы.***
***Шымкент қаласы***

Жел бесіктен, жер бесікке дейінгі адам өміріндегі тәрбиенің ұйтқысы ата-ана мен мектеп болады. Болашақ десек те, келешек десе де бала – ұрпақ деген мағынаны білдіреді. Адамның өзге тіршілік иесінен айырмашылығы – дүниеге перзент әкелген соң, оның болашағын ойлау, адам етіп тәрбиелеу.

Бала тәрбиесі-бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның мемлекеттік абыройлы міндеті. Кезінде Әл Фараби бабамыз «Ғылым емес, ең алдымен тәрбиеге көңіл бөлу керек, тәрбиесіз адамға ғылым баянсыз болмайды» - демеп пе еді. Осыған орай бүкіл ата-ана тәрбиеге бет бұруы керек. Ұрпақ тәрбиесіне мүдделі екендігін ата-аналар іс – жүзінде дәлелдеп отырулары тиіс. Міне осындай ынтымақ бірлігінде ғана ойдағыдай нәтиже берері ақиқат.

Құқықтық тәрбие беру баланың жеке тұлғасын қалыптастырып, олардың бойына жоғары идеялық пен қоғамдық меншікке қатынасты көзқарасты дарытудың асыл міндеттерін атқарады. Мемлекетіміз жастарға құқықтық тәрбие беру ісіне үнемі маңыз беріп келеді. Қазақстан заңдарына терең құрмет сезімін қалыптастыру, оларды сөзсіз сақтау және орындау – ұзақ уақыт тәрбие жұмысын жүргізудің жемісі. Көбіне құқықтық сананың төмендегі, материалдық және рухани игіліктердің не екенін жөнді түсінбеушілік қоғамға жат қылықтарды туғызады. Сондықтан да әр оқушының санасына құқықтық нормаларды жеткізу, жеткізіп қана қоймай оның күнделікті мінез-құлық нормасына айналдыру үшін күресу құқықтық тәрбиенің міндеті болып табылады. Құқықтың тәрбие негізі отбасынан басталады. Әрбір ата-ана өз баласының жас ерекшелігіне қарай құқықтық сауаттылығын арттырып отырған жөн.

Құқықтық тәрбие дегеніміз не? Құқықтық тәрбие дегеніміз – бұл құқықтық білім беру – адамның құқықтық санасын қалыптастыру мақсатында орындалатын құқықтық тәрбиенің негізі ықпал етуші әдісі. Нақты айтсақ, құқықтық білім беру арқылы жасөспірім құқықты ұғынады және оның санасы қалыптасып, дамиды. Құқықты ұғынумен қоса, тұлғаны заңды құрметтеуге, қорғауға, орындауға дағдыландыру мен заңның әділдігіне сендіру – құқықтық сананың негізгі белгілері. Аталынған белгілер оқушыларды құқықтық тәрбиелеу негізінде отбасынан және мектеп табалдырығынан бастап жүзеге асады. Есейген адамға қарағанда санасы мен мінез – құлқы жаңадан қалыптаса бастаған жасөспірім тәрбиенің қолайлы обьектісі болып табылады.

Құқықтық мәдениеттің негізгі белгілері: заң нормаларын білу; заң нормаларын орындау; қоғамдық тәртіпті; заң нормаларын бұзбау; заң күшіне сену және т.б. Құқықтық мәдениеті дамыған тұлға – құқықтық мемлекеттің үлгілі азаматы болады. Құқықтық тәрбие беру арқылы жастарды өз құқықтарын пайдаланып, азаматтық міндеттерін орындай отырып қоғамда өмір сүруге, заңдар мен ережелерді тәжірибеде белсенді қолдана білуге үйретуге болады. Құқықтық тәрбие берудің негізгі мақсаты – оқушыларда құқықтық мәдениет пен құқықтық әрекет – қылық қалыптастырып, оларды құқықтық заңдылық талаптарын түсінуге әрі мойындауға баулу. Құқық пен тәрбиенің өзара байланысты әрекеті негізінен жанама түрде тәрбиеге араласқан ата-аналар мен ұстаздар арқылы іске асырылады.

Баланың құқығы – отбасында өмір сүру, әлеуметтік қорғалуға құқылы, демалуға, денсаулық сақталуға, білім алуға құқылы.

Сонымен қорыта келе, әрбір ата-ана өз баласының тәрбиелі де, саналы, мәдениетті, жүрген ортасында сүйкімді болу үшін алдымен тәрбиені өзінен бастағаны жөн, яғни оғаш қылықтармен баласына үлгі-өнеге көрсетпеуге тырысқаны жөн. Халқымызда «Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды» деген тамаша мақал бар. Ақылды болу айналаңдағы адамдарды сыйлай, қадірлей білу деген сөз. Құқықтық тілмен айтқанда бұл – заңды білу, яғни заңды білген адам өзгелерге құрметпен қарайды. Заңды білмегендіктен заңсыз істер істеп, зардап шегіп, өзін қорғай алмай жүргендерді көптеп кездестіреміз.

# ЖОСПАРЛАУ БАРЫСЫНДА ДАҒДЫҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТИІМДІ ӘДІСТЕР МЕН ТӘСІЛДЕР



*ДАУЛЕТАЛИЕВА Сымбат Әлібекқызы,*
*Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінің*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші.*
*Түркістан облысы, Созақ ауданы*

Қазіргі замандағы сабақ – білім беру сапасының негізгі факторы. Сабақты жоспарлау – нақты оқу уақыты барысында оқытушы мен оқушы әрекеттесулерін құрастыру. Негізі оқытушының оқу-тәрбие іс-әрекетінің және оқушылардың оқу материалының мазмұнын меңгеруі, дамуы және тәрбиеленуі бойынша оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің мақсаттары, міндеттері, принциптері, әдістері және мазмұны болып табылады. Сабақ жоспары конспект түрінде жүзеге асады. Сабақ жоспары – педагогтың жеке жұмыс құжаты. Дұрыс құрылған сабақ жоспары арқасында ғана оның тиімділігі артады. Сабақ жоспары оның түрін анықтайтын барлық компоненттерді қамтиды, яғни сабақ тақырыбы, мақсаты, жұмыс әдістері, тәсілдері қарастырылады. Мұғалім сабақты жоспарлау барысында дағдыға бағытталған тиімді әдістер мен тәсілдерді дұрыс таңдай білуі керек. Сонда ғана оқу мақсатына сапалы қол жеткізе алады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқушының сөздік қорын дамытуға, айтылым дағдысын дамытудың орны ерекше. Айтылым дағдысын қалыптастыру дегеніміз – оқушылардың сөз мәдениетін, сөйлеу әдебін қалыптастыру, өз ойын дұрыс, нақты және толық жеткізе білуге машықтандыру болып табылады. Тілді жетік меңгерген және оны орынды қолданатын оқушы кез келген ортада коммуникативтік қатынасқа түсе алады. Сонымен қатар, сабақта алған білімі мен білігін, дағдысын адамзат қызметінің әртүрлі саласында қолдана алуы тиіс.

Айтылым дағдысын дамытуда қолданылған әдіс-тәсілдер – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, терең ойлай білуін, теориялық негіздерін, эстетикалық көзқарастарын пайымдауын, баға беруін, танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған.

Жас ұрпақты болашаққа дайындауда шығармашылық, сын тұрғысынан ойлау, қарым-қатынас және бірлесіп әрекет ету мәселелеріне назар аудару маңызды.

· Идея тудыру әдістерін кеңінен пайдалану (мысалы, миға шабуыл)

· Жаңа және құнды идея ұсыну.

Оның құнын арттыру мақсатында өз идеяларын ұсыну, нақтылау, талдау және бағамдау.

Оқушылардың тыңдалым және айтылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- тыңдауға, мазмұнын түсінуге түрлі стильдегі мәтіндерді ұсыну;
- мәтінді қайталап тыңдау, негізгі ойды анықтау;
- тыңдалған мәтін бойынша сұрақтар қою;
- мәтін бойынша жоспар құру;
- тыңдалған мәтіннің белгілі бір бөлігін өз сөзімен айтып беру;
- мәтіннің мазмұны бойынша қарама-қарсы пікір айту, дәлелдеу;
- мәтінді өз қиялымен өзгертіп аяқтау;
- мәтіндегі оқиғаларды, іс-әрекеттерді салыстыра талдай алу;
- ұсынылған тақырып бойынша сұхбат алу немесе сұхбат беру және нәтижесі бойынша ауызша есеп беру.

Қазақ тілі сабағында айтылым бойынша жұмыс түрлерін көбірек ұсыну, ойын түрлерін беру, оны кейін практикалық тұрғыда қолдана білуге үйрету жұмыстары өз нәтижесін беріп келеді.

Сабақта қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер:

**1.«Көшпелі микрофон» әдісі** арқылы интервью жүргізу.

Берілген сұрақтарға жауап алу арқылы тыңдалатын мәтінге болжау жасалғанда немесе тыңдалымнан кейін оқушыларға нақты мазмұнды тексеруге бағытталған сұрақтар қойылғанда өте тиімді келеді. Бұл әдісті тек сабақ үстінде ғана емес, үй тапсырмасы кезінде де қолдануға болады. Аталған әдісті оқушыларым шығармашылық жоба құрастыруда пайдаланды. Мысалы, белгілі бір тақырып бойынша оқушылар (топқа бөлініп) бірнеше сұрақтар дайындайды. Дайындалған сұрақтармен қала тұрғындарынан ұялы телефон арқылы интервью алады. Әр топ интервью алғаннан кейін келесі сабаққа бейнеролик пен слайдқа жасаған сараптамаларын әкеліп, жұмыстарын қорғайды.

**2. «Көрме» («Галереяны шарлау» әдісі**. Саймон Браунхилл ұқсас келеді) Талқыланған мәселе, дайындалған постер бойынша қорытынды жұмыс немесе өнімді ұсыну арқылы өз жұмысын ұсыну, идеяларын қорғау, ерекше идеялар ұсыну. Қабырғаға

дайындалған постер ілінеді. Топтар кабинет ішінде қозғалысқа түсіп, көрмеге барады. Қабырға газеттерін қарайды, сараптайды, талдайды. Көрме аяқталған соң, топтар жұмыстарды талқылайды. Бір-біріне сұрақтар қойып, пікірлерін тыңдап, қорытынды жасайды.

**3. «Блум түймедағы»**. Блум түймедағының алты күлтесі – сұрақтар типінің алты түрі.

1. Қарапайым сұрақтар. Оларға жауап бере отырып, болған жайттар туралы әңгімелеп беруге болады.

2. Анықтаушы сұрақтар. Әдетте «Сонда сіз солай демекшісіз ғой..?», «Менің түсінуімше, сіз...», «Менің қателесуім мүмкін, бірақ, меніңше, сіз былай айтқан сияқты болдыңыз...» деген сұрақтар болады. Бұл сұрақтар анықтау мақсатында жайдары көңілмен берілуі керек.

3. Интерпретациялық (түсіндіруші) сұрақ. «Неліктен жапырақтар күз мезгілінде сарғаяды?»-деген сұрақтың жауабын оқушылар білетін болса, ол сұрақ жай сұраққа айналады.

4. Шығармашылық сұрақтар. «егер», «болса», «қалай болар еді» деген сияқты сөздермен келеді.

5. Бағалау сұрақтары. «Неліктен бұл жақсы, басқасы жаман деген баға алды?», «Бір нәрсе екінші нәрседен несімен ерекшеленеді?» деген сұрақтар бағалау критерийлерін түсіндіруге бағытталған.

6. Тәжірибелік сұрақтар. «Күнделікті өмірде қай жерде байқайсыз?», «Сіз қалай істер едіңіз?» деген сипаттағы сұрақтар теория мен практиканы ұштастырады. Сұрақтар түрі, сұрақтар ерекшелігі, мысалдар. Олар не үшін қажет? Қарапайым «Не?...» , «Қашан?…», «Қайда?…», «Қалай?…» сұраулы сөйлемдерден басталады. Белгілі бір ақпаратты, мәліметті еске түсіру, анықтау үшін нақтылайтын «Яғни сен... деп айтып тұрсың ғой?», «Егер мен дұрыс түсінсем,...?», «Мен қателесуім мүмкін, бірақ, меніңше, сендер... деп айттыңдар?» Хабарламада айтылмаған, бірақ соған меңзеп тұрған мәліметті алу үшін түсіндірмелі «Неліктен?…» сұрауынан басталады. Себеп-салдарлық байланыстарды орнату үшін шығармашылық «Егер де...» шартты рай шылауының қатысуымен жасалады; «Егер де... не болады?», «Қалай ойлайсыңдар, егер де... қалай дамитын еді?» Болжам жасау үшін, мәселені жан-жақты қатыстыру үшін бағалаушы «Неліктен бір нәрсе жақсы, енді бір нәрсе жаман?», «Бір сабақтың екінші бір сабақтан айырмашылығы қандай?» Оқиғалар, фактілер мен құбылыстарды бағалау, критерийлерін анықтау үшін қолданбалы «...қалай қолдануға болады?», «…не жасауға болады?», «Өмірде қай жерде кездестірер едіңдер?» теория мен практиканы орнату үшін қолданылады.

4. «Әңгімелесетін әріптестер». Өткен сабаққа сілтеме жасауды көздейтін бастапқы немесе бүкіл сыныпқа арналған тапсырма ретінде оқушылар әріптестерімен:

* жаңа оқылған 3 факті туралы;
* оларға жеңіл болып көрінгендер туралы;
* оларға қиын болып көрінгендер туралы;
* алдағы уақытта оқығысы келген нәрселер туралы ақпарат алмасады.

**5. «Мықты топ»**. Ең алдымен, ойынның басында топ басшылары анықталады. Олар өздеріне топ құрады. Ойынға қатысушылар топтары бойынша парта басына отырады. Бір топ тақта жанында қалады. Басқа топтардың өкілдері оларға оқылған тақырыптары бойынша сұрақтар қояды. Топтың сұрақтары өз ішінде талдауға 20 секунд беріледі. Содан кейін бір оқушы жауап береді (кезекпен). Жеңімпаз топ дұрыс жауаптар мөлшерімен анықталады.

**6. «Еркін пікір»**. Пікірталастар ұйымдастыру, баяндамалар жасау, реферат, шағын ғылыми жұмыстарды қорғау – оқушының білім қорын, іздесін көрсетумен қатар, сөйлеу және қарым-қатынас мәдениетін меңгеруіне қызмет етеді.

**7. «Жұмбақ зат»**. Ойынның мақсаты: оқушылардың ойлау және сөйлеу қабілеттерін арттыру. Ойынның шарты: оқушылардың алдына ыдысқа немесе қорапшаға салынып бір зат әкелінеді. Сол затты мұғалім жауабын айтпай сөзбен сипаттайды. Оқушылар шешімін табуы қажет. «Жұппен жұмыс» немесе «Топпен жұмыс» түрінде өткізуге болады. Бұл жұмыс түрінің мақсаты – балаларды басқа адамды естуге, тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға, дәлелдеуге, басқаның пікірімен санасуға мүмкіндік береді.

**8. «Егер..., онда не болар еді?»**. Оқушылардың бірі жүйрік қиял мен бір ситуайия айтады, қалғандары соның шешімін тауып жалғастыру керек. Мысалы, «Егер әрбір адам дүниеге келе сала басқалардың ойын оқи алатын болса, онда Жер бетінде не өзгеріс болар еді.?», «Егер жердің тартылыс күші жоғалып кетсе, онда...», «Егер барлық адам сөйлеу қабілетінен айырылып қалса, онда...» Бұл тәсіл оқушылардың қиялын дамытып, мидың ойлау белсенділігін арттырып, сөйлеу әрекеттері шыңдала түседі.

**9. «Ертегі құрастыру»**. Бастаушы ертегінің бірінші сөйлемін айтады. Қалғандары бір-бір сөйлемнен өздері қалауынша ертегінің сюжетін құрастырады. Қатысушылардың қиял жүйріктігі, тіл байлығына қарай түрлі ертегі құрастырылып шығады.

**10. «Жақсы сұрақ».** Оқушылармен «жақсы» сұрақ ұғымын талқылаңыз. Үдеріс ашық және жабық сұрақтардың арасындағы айырмашылықтарды анық түсінуге мүмкіндік береді. Одан кейін олар тақырып бойынша сұрақтар қоя алады және олардың қайсысы жақсы болғанын шешіп, одан кейін сұрақтардың жауаптарын талқылауға ауысады.

Белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы айтылым дағдысын дамыту технологиясы сабақ үстінде оқушыға мынандай мүмкіндіктер беретінін анықталды:

— мұғалімге тәуелділіктен арылып, өзінің білім беру қызметін өздері басқаруға;

— білім мәдениеттілігі мен маңыздылығын

түсініп, қажетті іс-әрекетті белсене және өз бетінше орындауға;

— жеке ерекшелігі мен қабілетіне сай тапсырмаларды іздене отырып, белсене орындауға;

— білім мен мәдени құндылықтарды игеру ісін топтасып мұғалім көмегінсіз атқаруы;

— құр мәлімет қана емес, сабақ барысында өз пікірін ашық айтып, сұхбат жүргізуге;

— рухани және әлеуметтік жағынан өздерін-өздері дамытып, тәрбиелеуге.

Жазылым – төрт дағдының бірі және ол өнімді дағдылар қатарына жатады. Яғни өнімді дағды дегеніміз – тіл құбылыстары туралы ережелерге, модельдерге сүйене отырып сөйлеу немесе жазу. Жазылым түрлері: тізім жасау, құттықтау қағазы, электрондық хат, күнделік, хабарлама, әңгімелер, эссе және т.б.

Жазылым түрлерінің әрқайсысының өздеріне сай ерекшелігі болады. Ол жазылым түрлерінің құрылымына және мақсаты мен шешуі тиіс міндеттеріне байланысты болып келеді. Мысалы, жазу стилінің деңгейлері: ресми (ғылыми, іс қағаздар стилы) және бейресми (ауызекі сөйлеу сөздері); жазуда мәтінді немесе ақпаратты жазудың өзіндік тәртіптері ақпараттарды орналастыру реті; мәтіннің ұйымдастырылуы.

Жазылым дағдысын қалыптастырудың бірнеше жолдары бар. Солардың ең бастылары - продуктивті жазылым және жазылым үдерісі.

Егер жазылымды үлгі беру арқылы үйретсек, мұны продуктивті жазылым деп атаймыз. Яғни мұғалімдер жазылым түрлерінің үлгісімен таныстырып, мәтінмен жұмыс жасатуы керек. Белгілі бір жазылым үлгісі оның мазмұнымен, лексикасымен, стилімен және құрылысымен таныс болуға көмектеседі. Сонымен қатар, үлгілер оқушыға қалай жазуы керек туралы идеяны да береді. Ал егер мұғалім оқушыларға жазылымның барлық қадамдарымен жұмыс жасауды қамтамасыз етсе, бұл жазылым үдерісі деп аталады. Толығырақ айтқанда, жазылымды жоспарлаудан бастап, алғашқы нұсқасын жаздырту, түзету, тексеруге дейінгі оқушылардың әрекетін ұйымдастыру. Бұл оқушыларға жазылымның әртүрлі аспектілерімен әртүрлі уақытта жұмыс жасай білуге дағдыландырады. Мысалы, жоспарлау кезеңінде идеяларды ойлап табады және ұйымдастырады, алғашқы нұсқасын жазу кезеңінде өз ойларын жеткізу үшін қажетті сөздерді, сөйлем құрылымдарын іздейді, түзету және тексеру кезеңінде жазылымның ұйымдастырылуы, сауаттылығы, ондағы идеяларды бағалауға, яғни өз жұмысының артықшылығы мен кемшіліктері туралы ойлануға мүмкіндік береді.

1. Мәтінді оқыту үшін «Терминдер арқылы болжау», «Бағытталған оқу», «Еркін жазу» әдістерін қалай қолдануға болады? Ертегі бағдарламадан тыс, үлгі ретінде алынды. «Патшаның қызы неге бақытсыз?»

2. Оқылым алды кезеңде оқушыларды мәтінді оқуға дайындау, қызықтыру және мәтін мазмұнын жақсы түсінулері үшін сарай, патша, саяхатшы, қыздар деген сөздерді тақтаға жазып, (суреттерін де ұсынуға болады) тақтадағы сөздерге назар аударайық, мағыналары түсінікті ме? Қалай ойлайсыңдар, осы сөздер біз оқитын ертегіде қалай кездеседі? Ертегі не туралы болуы мүмкін? деген болжау сұрақтарын қоямыз. Уақыт алдымен жеке ойлануға, содан кейін жұпта талдауға беріледі. Жұптардың жауаптары сұралады. Осыдан кейін оқитын әңгіме немесе ертегінің тақырыбы айтылады. Ертегі «Бағытталған оқу» әдісімен оқылады. Ары қарай ертегіні оқу үшін мәтінді мұғалім мағыналық бөліктерге бөледі. Оқушыларға бірінші бөлігі таратылады, оқиды.

Бірінші бөліктен кейін қойылатын сұрақтар: Осы бөлікті оқыған кезде көз алдарыңа не елестеді? Нені көріп отырсыңдар? Қалай ойлайсыңдар әрі қарай не болуы мүмкін? Неге олай ойлайсың?

Екінші бөліктен кейін қойылатын сұрақтар: Болжамдарың сәйкес келді ме? Ол болжамды неге сүйеніп айтып едің? Қалай ойлайсыңдар қыздар дәптерлеріне не жазуы мүмкін? Неге олай ойлайсың?

Үшінші бөліктен кейін қойылатын сұрақтар: Ертегі сен ойлағандай жалғасты ма? Сенің солай ойлауыңа не негіз болып еді? Жалпы ертегіде қандай мәселе көтерілгелі тұр деп ойлайсың? Неге? Ары қарай не болуы мүмкін?

Төртінші бөліктен кейін қойылатын сұрақтар:Ертегі сен ойлағандай жалғасты ма? Енді қалай ойлайсың ертегі не туралы? Саяхатшы неге: «Патшам, өмір айна сияқты, - деді? Саяхатшы болсаң қалай түсіндірер едің? Ары қарай не болады? Сонымен әңгіме маңызды ма? Несімен маңызды? Әңгіме оқырман ретінде саған қандай ой салды? Оқылымнан кейінгі кезеңде «Еркін жазу» әдісі арқылы топтарға: «Адамдарға бақытты болу үшін қандай кеңес ұсынар едің? Үш кеңес ұсыныңдар. Неліктен осы кеңестерді ұсынасыңдар?» деген тапсырма беріледі. Оқушылар өз ойларын ұсынып, дәлелдейді.

Мәтінді оқытуға ұсынып отырған бұл әдістер тиімді деп ойлаймын. Мұғалімдер осы әдіспен жұмыс жасау барысында жеңіл сұрақтардан гөрі оқушыларды ойландыратын , талдауға жетелейтін сұрақтар мен тапсырмалар ұсынғаны дұрыс. Оқушылардың мәтінді өз бетімен оқып, талдауына мүмкіндік ұсынады. «Адамдарға бақытты болу үшін қандай кеңес ұсынар едің? Үш кеңес ұсыныңдар. Неліктен осы кеңестерді ұсынасыңдар?» деген тапсырма оқушыларды ойлануға, жауапкершілікке, өз пікірлерін дәлелдеуге, өзгелердің пікірін тыңдауға үйретеді.

Сонымен қатар, «ББҮ», «Әдеби үйірмелер немесе топтық тергеу», «Жигсо» т.б. әдістер де оқылымың тиімді әдістері болып есептеледі. Тек шеберлікпен қисыны келтіре қолдану мұмғалімдердің мүмкіндік-теріне байланысты.



# ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР ЖЫРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

*САДЫКОВА Карлыгаш Аманжоловна,*
*№127 жалпы орта білім беретін мектебінің*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.*
*Шымкент қаласы*

| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты:** | 5.3.1.1 – шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалау; |
| **Сабақтың мақсаты:** | ***Барлық оқушылар үшін:***<br>Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын ашу. Шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалау. |

**Сабақтың барысы:**

| **Сабақ кезеңі/ Уақыты** | **Педагогтің іс-әрекеті** | **Оқушының іс-әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>Қызығушы-лықты ояту<br>3 минут | **(Ұ).Ұйымдастыру кезеңі:**<br>1. Оқушылармен амандасу, түгендеу.<br>2. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыруда **шаттық шеңбері** жүзеге асырылады. | 1, 2 санын реттілікпен саналу арқылы екі топқа бірігеді.<br>І топ, ІІ топ<br>Топтың ережесі ТҚЕ сақтау. Топ басшысына бағыну. Белсенді болу. Бірін-бірі тыңдау, өз пікірімен ашық бөлісу, басқалардың пікіріне құрметпен қарау. | **Мақсаты:** Оқушылар бір-біріне тілек білдіреді, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады.<br>**Тиімділігі:** Оқушылар бір-біріне тілек айту арқылы жақындасады, көңіл-күйін көтереді және бауырмалдығын оятады.<br>**Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Жіктеу»** тәсілі көрінеді. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше оларға таңдау еркіндігі беріледі. | Оқулық, жұмыс дәптерлері<br>ДК экраны<br> |
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br><br>5 минут | **(Ұ) «Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында Қобыланды батыр туралы шағын мультфильмнен үзінді көрсетіледі. Көрсетілген мультфильмнен кейін оқушылар бірнеше сұрақтар ойлап табуы қажет. Қойылған сұрақтарына сәйкес жауаптарын оқулықтан тауып оқиды. | Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады. Сыныптастарының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі. | **Мақсаты:** Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту.<br>**Тиімділігі:** оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.<br>**Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады. | **Қалыптастыру-шы бағалау сабақтың өң бойында жүріп отырады:**<br>Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға <u>«Жарайсың!»</u> деген <u>мадақтау сөзімен</u> ынталандыру. |
| **Сабақтың ортасы**<br><br>Мағынаны ашу<br>25 минут | **«ДЖИГСО» әдісі.**<br>*Жұпқа тапсырма беріледі.<br>1 - оқушы мәнерлеп оқиды;<br>1 - оқушы тыңдайды;<br>Мәтін жазылған кеспе қағаздары таратылып беріледі. | Жұпқа біріккен оқушылар мәтінді оқып, жұптық талдау жасап, өзара пікір алмасады. | **Дескриптор***:*<br>- Оқушылар мәнерлеп оқиды;<br>- тыңдайды;<br>- жұп арасында пікір алмасады.<br>**Жалпы - 3 балл** | Оқулық<br>5-сынып |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Топтық жұмыс**  | Жеке жұмыс: «Білім ағашы» әдісі «Қобыланды батыр» жырын жырлаған ақын-жазушыларды тауып, ағашқа жабыстыру қажет немесе тақтаға орындайды. Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынов, Ыбырай Алтынсарин, Мергенбай жырау, Марабай жырау, Біржан Толымбай, Мұрын Сеңгірбай (осы ақын-жыраулардың аты-жөні жазылған суреттері оқушыларға беріледі) | Берілген қағаздар арқылы тапсырмаларды орындайды.<br><br>Орындалған тапсырма бірден тақтаға шығып отырады. | **Дескриптор:**<br>- Сұрақтарға жауап береді;<br>- сұрақ бойынша жырдан мысал келтіре отырып, айтады;<br>- іс-әрекеттерге байланысты пікір білдіреді;<br>**Жалпы - 3 балл** | Оқулық 5-сынып<br><br>тақтасымен жұмыс |
| **Жұптық жұмыс**  | Жұптық жұмыс.<br>№3- тапсырманы орындайды. Әңгімелерден алынған үзінділерді топта талқылап, қандай үлгі-өнеге туралы айтылатынын анықтап береді. | | **Дескриптор:**<br>- әңгімелерден алынған үзінділерді топта талқылайды;<br>- қандай үлгі-өнеге туралы айтылатынын анықтап береді;<br>- өз пікірлерін ортаға салады.<br>**Жалпы - 3 балл** | Оқулық 5-сынып<br><br>Жұмыс дәптерлері. |
|  **Жеке жұмыс**<br><br>10 минут<br>**Қорытынды сөз** | Жеке жұмыс.<br>№4-тапсырманы орындайды. | Ізденіп, берілген тапсырмаларды орындайды | **Дескриптор:**<br>А) –нұсқасын орындайды<br>Ә) –нұсқасын орындайды<br>Б) – нұсқасын орындайды<br>**Дескриптор:**<br>**Жалпы - 2 балл** | Оқулық 5-сынып |
| **Сабақтың соңы**<br>Ой толғаныс<br>Рефлексия<br>5 минут  | **«PADLET» тақтасы.**<br>padlet<br>Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. | Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды. | Мұғалім оқушыларды **«Жапондық бағалау»** әдісі арқылы бағалайды. Яғни *«Дұрыс келісемін», «Толықтырамын, басқа көзқарасым бар», «Менің сұрағым бар». Сонымен қатар 1-10 баллдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.* |   |
| **Үйге тапсырма** | Оқулық, 53- беттегі 13-тапсырма. | Берілген тапсырманы дәптерге орындап келеді. | | |

| | | |
|---|---|---|
| Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз? | Бағалау.<br>Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау. |
| «Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу».<br>Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды. | «Мадақтау сөз» әдісі. 1-10 баллдық жүйе бойынша бағаланады. | Денсаулық сақтау технология-лары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын.<br>Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары орындалады. |

**Жалпы бағалау**
Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.
1:
2:
Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.
1:
2:
Сабақ кезінде, сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы мен нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аудару керек?
1:
2:



# НҰРДӘУЛЕТ АҚЫШ «НАҒЫЗ ӘЖЕ ҚАЙДА?» ӘҢГІМЕСІ

*ТАЖИБАЕВА Айдана Хабдулманапкызы,*
*№127 жалпы орта білім беретін мектебінің*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.*
*Шымкент қаласы*

| | |
|---|---|
| **Оқу мақсаты:** | 5.1.2.1 - әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау;<br>5.2.2.1 - эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау. |
| **Сабақ мақсаттары:** | **Барлық оқушылар**:<br>* «Нағыз әже қайда?» әңгімесіндегі негізгі ойды түсіну арқылы, Нұрдәулет Ақышты тарихи тұлға, ақын ретінде таниды.<br>**Оқушылардың басым бөлігі**:<br>* «Нағыз әже қайда?» әңгімесінің мазмұны мен мағынасын аша отырып, болашақ ұрпаққа айтар насихатын ұғынады.<br>**Кейбір оқушылар:**<br>* Нұрдәулет Ақыштың өмірлік мақсат-мұратын танып, имандылық туралы ойларын қазіргі заманғы тәрбиемен ұштастыра біледі. |
| **Бағалау критерийі** | - Нұрдәулет Ақыштың өмірі мен шығармашылығын «Нағыз әже қайда?» әңгімесінің мазмұнын зерттеу арқылы түсінеді;<br>- Шығармашылық қабілеттері артады; шығарма бойынша білімдерін жинақтайды;<br>- Тақырыпқа байланысты түйінді сөйлем жаза алады; топпен ынтымақтастықта жұмыс жасап үйренеді.<br>- Әр оқушының өзіндік ой-қиялына ерік бере отырып, оқушыларды шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасау. |
| **Тілдік мақсат** | **Оқушылар:** |
| | Тиісті термин сөздерді ойын жеткізу барысында ұтымды қолдана алады, диалогқа түсу, кері байланыс жасау арқылы пікір алмасып, өз ойын дәлелді жеткізе алады. |
| **Алдыңғы оқу** | Талдай алу, сұрыптау, тұжырымдау, өз ойын дәлелдеу, түйінді ой тастау дағдылары. |
| **Жоспар** | |
